

6 ҚАҢТАР,
2026 ЖЫЛ,
СЕЙСЕНБІ
№1 (23 615)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz


Ел тарихындағы
ғарыш белесі



Батыл қадам



Уақыт пен
тағдыр белестері



• ЖАҢА ЖЫЛ ЖАРШЫСЫ

Жаңа дәуірдің жарқын қадамы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық «Turkistan» газетіне берген сұхбаты ең алдымен Қазақстан халқына қалыптасқан саяси дәстүрдің, тіпті, зияткерлік эзиз әдеттің айқын көрінісіндей әсер қалдырғаны ақиқат. Зер салалық.



Сурет akorda.kz

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір жыл, бір бағыт

Президент мерзімді баспасөздің рөлі қайта күшейіп келе жатқанын атап өтті. Газет-журналдар заман талабына бейімделіп, терең сараптама мен байыпты шолуға ден қойды. Сапалы журналистика дәстүрлі құндылықтарды сақтауға, қоғам санасын қалыптастыруға қызмет етіп

отыр деген ойды нық жеткізді. Президент еңбек адамдарының шынайы өмірі туралы ақпаратты көбіне газеттерден оқитынын да жасырмады. Мемлекет басшысымен өрбіген әңгіме желісі бір жылдық есептен гөрі, бостан елдің бүгінгі жай-күйі мен ертеңгі бағытын таразылаған байыпты ойға толы.

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шық-

ты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге токмейілісіп, масайрап отыруға мүлде болмай-

тынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес. Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр.

➤ 2-бет

• ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 35 ЖЫЛ

Тәуелсіздік тәбәрігі

Азаттық ақ таңы. Ата-баба ансаған асыл ұғым. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ ұлтының бойтұмарындай болған тұғырлы Тәуелсіздігімізге биыл – 35 жыл. Межелі мезгіл, мерейлі белес қана емес, бұл – бабалар ансаған асыл арманың, азатты күрестің, ғасырлар бойы үзілмей келген үміттің ақиқатқа айналған сәулелі сәті. Тәуелсіздіктің еңселі жолындағы 35-інші белес – елдің өткеніне тағзым жасап, бүгініне байыппен баға беріп, келешегіне нық сеніммен қарайтын жауапты кезең.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1991 жылдың 16 желтоқсаны – қазақ халқының тағдырында алтын әріппен жазылған ұлы күн. Бұл – сан ғасырлар бойы бодандықтың бұғауында болған елдің еңсесін тіктеп, азаттықтың ақ таңын қарсы алған тарихи сәті. Ата-бабамыздың арманына айналған тәуелсіздікке қол жеткізіп, Қазақстан өзін дербес, егемен мемлекет ретінде бүкіл әлемге танытты. Кеңестік жүйенің темір құрсауын бұзып шыққан халқымыз демократиялық даму жолын

тандап, болашаққа нық қадам басты. Зайырлы, құқықтық әрі әлеуметтік мемлекет құру жолында ел бірлігі мен халықтың қажырлы еңбегі шешуші рөл атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап еліміздің ішкі және сыртқы саясаты айқындалып, Әлем картасындағы жас мемлекеттің Мемлекеттік рәміздеріміз бекітіліп, Әнұранның жаңа мәтіні қабылданды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесіне айналып, халықаралық қауымдастықта өз орнын айқындады.

➤ 3-бет



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

• БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Есті сөз ескірмейді

XXI ғасырдың алғашқы ширегін түйіндеп, жаңа үміт жетегінде 2026 жылдың табалдырығын аттадық. Қазақы танымда «Табалдырықтан биік тау жоқ» деген тәмсіл бар. Яғни, адамзат қоғамы тағы бір биікті бағындырып, талабы таудан биік жаңа кезеңге өтті.

Қадірлі оқырман!

Арқа баспасөзінің абызы «Ortalyq Qazaqstan» газеті өздеріңізбен 23 615-інші рет жүздесіп отыр. Биыл өзінің 95 жылдық мерейтойын атап өтетін арда басылым жаңа дәуірге байырғы дәстүрінен айнамай, байсалды ұстаныммен қадам басты. Уақыт шығыршығының тоқтамайтыны секілді, жаңару жолы да кері кеткенді кешірмейді. Қазақстанның соңғы жылдардағы жаңғыру кезеңіне шолу жасаған ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев күні кеше ғана «Turkistan» газетіне берген сұхбатында: «Мен барлық мемлекеттік қызметшілерге токмейілісіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек», – деген тағылымды түйін айтты. Жаңа дәуірдің де талабы – осы.

Оқырманға жаңа жылдық арнауымды Мемлекет басшысының осы сұхбатындағы оқшау ойларымен өрбіткенді жөн көрдім. Президент сұхбат барысында: «Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімнің деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр», – деген орамды ойымен бөлісті.

Мемлекет басшысының бұл пікірі маған біздің «Ortalyq Qazaqstan» газеті туралы ой тербеп отырғандай әсер қалдырды. Өйткені, «Орталықтың» дәстүрі бай, мазмұны терең, ұстанымы берік басылым екенін мыңдаған оқырман пікірі қуаттайды. Ел Президенті осы жолғы сұхбатында емеурін еткен жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар біздің басылым беттерінде сәт сайын жарияланып, оқырман қауымның шынайы бағасын алып келеді.

Өкінішке орай, биылғы жылы «Орталықтың» таралымы сәл төмендеп, жаңа жыл табалдырығын 4 000-ға (2025 жылы 4 638 дана болған) жуық оқырманмен аттап отырмыз. Бұл – жалғыз «Орталықтың» емес, барша мерзімді баспасөздің басына төнген сындарлы сәт. Гаджет пен газеттің тайталасы ушығып барады. Дегенмен, Қасым-Жомарт Кемелұлының «Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр» деген сөзінің өзі көңілге үміт ұялатып, сенімге серпін беріп отыр.

Ұлтымыздың ақтаңдақ жылдардағы тарихын зерттеп жүрген тарихшыларымыз ашаршылық нәубетінде 2,5-3 миллион қазақстандық қаза тауып, саяси қуғын-сүргін кезінде 103 мың қазақстандықтың тағдыры талқыға түскенін жазады ғой. Енді бір 20-30 жылдан кейін отандық баспасөз тарихын зерттеушілер де қазақ басылымдарының таралымы күрт азайған жылдарға зейін қойып, зер салатын шығар. Соларға қиын болмас үшін, бұл үрдістің себебін бірден ашып жазайық. Ол – сан мыңдаған замандасымыздың әлеуметтік желіге саналы түрде ден қоюуы.

Сонда да, біз – бәсекеге қабілеттіміз! «Мерзімді басылымның күні өтті» дегендер қатты қателеседі. Редакциядағы жастардың шығармашылығын қанаттандырып, жігерін ынталандыруда «Сауағарға Ақрағат» медиахолдингі басшылығының қолдауын сезіне отырып, алға қадам баса береміз. Жаңа талап, жаңа үрдісті жатырқаған кезіміз жоқ.

Төрт мың шаңырақтың пошта жәшігінен табылатын «Орталықтың» оқырманы олқы деп айта алмаймыз. Өйткені, әр отбасында газет оқитын төрт адам болса, біздің газетті 16 мың оқырман тұтынады екен. Сонымен қатар, «Орталықты» іздеп оқитын, сарғая күтіп отыратын оқырмандарымыз бар екені куантады. Поштаның жеткізу қызметінің олқылығы салдарынан газеттің кезекті саны кешіксе, дереу қоңырау шалатын оқырман баршылық. Ондайда, «Қазпошта» қызметіне деген өкпе-назымыз бірден тарқап, «Орталықты» іздеу салып оқитындардың ықыласына қуанып қаламыз.

Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық белесін бездендеп, байырғы басылымның 95 жылдық мерейтойын дәріптейтін мерейлі жылда сүйікті газеттеріңіз өздеріңізбен жаңа айдар, тың тыныспен қауышпақ ниетте. Иә, Қазақстан әлемдегі цифрлық державаға айналып келеді. Биылғы жыл Президент Жарлығымен «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» болып жарияланды. Цифрландыру – әлеуметтік желіге байлану емес, озық технологияның орасан игілігіне кенелу.

Тарихыңызды танып, талғамыңызды қалыптастырғыңыз келсе, танымдық дүние – тик-токта емес, газетте. Есті сөзбен еңсе көтеріңіз келсе, гаджетке емес, газетке үңіліңіз. Есті сөз ескірмейді!

Жаңа жылдарыңызбен!

Ерсін МУСАБЕК

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 593.44

• USD/KZT 505.53

• RUB/KZT 6.34

• CNY/KZT 72.33

Қазақстан Ұлттық Банкінің
5 қаңтар, 2026 жылғы дерегі бойынша

Жаңа дәуірдің жарқын қадамы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек, – деп баса белгіледі, – Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Иә, республика жаңғыру бағытын таңдады. Өркениетті мемлекетке айналу үдерісі айқын көріне бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың болашағы үшін түбегейлі өзгерістер қажет екені жөнінде ортақ түсінік қалыптасты. Президент Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық секілді іргелі қағидаттарға негізделген қоғам құру жұмысы жалғасатынын айтты. Келелі сұхбат барысында қоғамда қызу талқыланған жаңа Салық кодексіне де арнайы тоқталды. Бірақ, мұндай маңызды мәселеде негізсіз дүрбелеңге жол беруге болмайтынын және ескертті. Ретті реформалар көптеген мемлекетте жүріп жатқанын, тіпті, көрші елдерде қосымша күн салығының әлдеқайда жоғары екенін атап өтті. Басты мақсат – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Жаңа салық жүйесінің пәлсапасы да өзгермек. Бақылау мен қысымға емес, өзара серіктестікке негізделген модель қалыптастыру көзделіп отыр. Президенттің парасатты пайымынша, салық – заманауи қоғамдық келісімшарт. Азамат салық төлейді, ал, мемлекет соның есесіне қызмет көрсетеді, инфрақұрылым салады, қауіпсіз орта қалыптастырады.

Осы саясаттың жалғасы ретінде өткен жылдың қараша айында Үкімет, Ұлттық банк және Қаржы нарығын реттеу агенттігі үш жылдық арнайы бағдарлама қабылдады. Мақсаты – инфляцияны төмендету арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру. Президент халықаралық сарапшылардың Қазақстан «орташа табыс қақпанына» тап болды деген пікірін орындай деп бағалады. Бұл – теориялық ұғым ғана емес, күн сайын мыңдаған азамат сезініп отырған өмір шындығы. Мемлекет басшысы мәселені ашық әрі қарапайым тілмен түсіндірді: табыс бар, тіпті, қомақты табыс табатындар да жеткілікті. Бірақ, ол қаражат инфляцияға, ипотекаға, балалардың оқуына, ата-анаға көмектесуге кетіп, жұтылып қалады. Ал, күтпеген жағдай – сырақаттану немесе жұмыстан айырылу – отбасының тұрмыстық тепе-теңдігін бір сәтте шайқалтып жіберуі ықтимал.

Президент осы қиындықты жеңілдету үшін кезінде зейнетақы жинағын баспана алуға, емделуге, оқу ақысын төлеуге пайдалануға рұқсат бергенін еске салды. Бұл шешімді көптеген азамат қолдады да. Алайда, өкінішке қарай, осы мүмкіндікті теріс пайдаланып, зейнетақы қорынан жүздеген миллиард теңгені заңсыз иемденген алаяқтар да табылған. Қазір бұл іспен құқық қорғау органдары айналысып жатыр. Соның салдарынан кейбір медициналық қызмет түрлеріне зейнетақы қаражатын пайдалануға тыйым салуға тура келді.

Бизнес жайы да бүкпесіз баяндалды. Кәсіпкерлер жұмыс орындарын ашып, салық төлеп отыр. Алайда, жоғары пайыздық несие, айналым қаражатының тапшылығы олардың кеңейіп, жаңа нарықтарға шығуына, технология енгізуіне кедергі келтіруде. Президенттің сөзінен бір маңызды ой анық аңғарылады. Қазақстанды халықаралық қаржы институттары бақауатты, тіпті, бай мемлекет деп бағалайды. Бірақ, сонымен қатар, ішкі теңсіздіктердің бар екені де жасырылмайды. Мұндай қиындықты көптеген ел бастан кешірген. Өсілі, өсіп келе жатқан экономиканың «кеселдерінің» бірінен. Ең бастысы, тұйықкерлердің шешуге арналған нақты жоспар бар.

– Әлемдік тәжірибеге қарасак, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма ала-

мын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популистердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қазақ бюджеттік тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалуда тиіс. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған.

Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл – экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, күн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ, оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотека төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тірлікке жұмсалып, жоқ болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі тұрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін.

Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жымқырған алаяқтар да табылды. Құқық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ, басқа да қитұрқы тәсілдер пайда болды, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындар бар.

Ал, бизнес өкілдеріне келер болсақ, олар жұмыс орындарын ашып, салықтарын адал төлейді. Алайда, несие өсімінің жоғары болуы, айналымдағы қаражаттың аздығы олардың кең ауқымда дамуына, жаңа нарықтарға шығуына, заманауи технологияларды енгізуіне мүмкіндік бермей тұр.

Экономиканың құрылымы өзгеріп жатыр. Дегенмен, меніңше, өзгеріс қарқынды баяу. Халықаралық қаржы институттары мен рейтинг агенттіктерінің бағалауынша, елімізді бақауатты, тіпті, бай мемлекет деп атауға болады. Бұл сөздің жаны бар. Соған қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткеріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар, – деді Президент.

Айналып өтуге болмайтын мәселелер

Энергетика мен коммуналдық шаруашылық жайы қозғалғанда Президенттің сөзі саптасы «Бұл – көп жылдан бері жиналып қалған, енді айналып өтуге болмайтын мәселе екендігіне» сайды.

– Шынымен де, Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын тарататын желілер са-



Қолжазып жасаған Айбек Рахымжан

луымыз керек. Бүгінгі таңда осы ауқымды жобаның есеп-қисабы әзірленіп жатыр. Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді. Дегенмен, әбден тозып, әуіріммен әрең тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз, жұмыс тәсілін өзгерту керек. Сондықтан, жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге тиіс, яғни, салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық тетіктер қалыптастыруы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Былтыр басталған энергетикалық және коммуналдық сектордағы реформа Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды өзгерістердің бірі екені де сондықтан. Зер салсақ, тарифтердің төмен болуы қарапайым халыққа пайдалы деген сенім – жалған. Шын мәнінде бұл ауқатты топтарға жасырын субсидия берудің бір түрі болды. Сондықтан, әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру үшін мәселені шешудің тәсілін түбегейлі өзгерту қажет. Мемлекет бәрине бірдей арзан тариф ұсынбай, көмекке шынымен мұқтаж азаматтарға ғана тікелей, атаулы қолдау көрсетуі тиіс екенін алға тартты спикер. Осы қисыннан тарифтерді көтеру туралы шешім туындаған. Бұл – халыққа қарсы қадам емес, әділ әрі тиімді экономика құрудың қажетті шары. «Кім қанша тұтына, сонша төлейді» деген қағидат орнығуы керек. Ал, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар нақты қолдауға ие болады. Президент Үкіметке дәл осындай міндет қойып отыр. Алғашқы оң өзгерістер де бар. Төлем жүйесіне сараланған тәсіл енгізілді. Суды, электр қуатын үнемдейтін тұрғындар тұтынудың әлеуметтік нормасы аясында ең төмен тарифпен төлей бастады. Бастысы, ел игілігі таңдаулы топтың емес, тұтас қоғамның ортақ игілігі болуы тиіс. Тек сонда ғана заманауи инфрақұрылым қалыптасып, тиімді энергетика жүйесі орнықпақ.

Көлік пен логистика. Атаулы саланы Қасым-Жомарт Токаев экономиканың бір тармағы емес, Қазақстанның геосаяси болашағын айқындайтын шешуші фактор ретінде қарастырады. Өңгіме ауаны нақты жобаларға ойысқанда, жуырда іске қосылған «Достық – Мойынты» теміржол магистралінің маңызы ерекше аталды. Бұл бағыт Қытай мен Еуропа арасындағы жүк тасымалын бес есеге дейін арттыруға жол ашады. Сонымен қатар, «Мойынты – Қызылжар», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтаарал» жаңа теміржол желілерін салу жоспарланып отыр. Президент келтірген дерекке қарағанда, 2030 жылға дейін 5 мың шақырым теміржол салу және жаңғырту, тағы 11 мың шақырым жолды жөндеу көзделген.

Елорда мен батыс өңірлер арасындағы арақашықтықты 500 шақырымнан астам қысқартатын «Орталық – Батыс» күре жолы – тек көлік жобасы емес, елдің ішкі экономикалық байланысын күшейтетін стратегиялық артерия.

Президент сөзінен Қазақстанның көлік жүйесі ұлттық шеңбермен шектеліп қалмай, әлдеқашан халықаралық деңгейге шыққаны мәлім болды. Мемлекет басшысы еліміздің «Бір белдеу – бір жол» мегажобасына, «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізіне және Транскаспий бағытына, яғни, «Орта дәлізге» белсенді қатысып отырғанын атап өтті. «Ресей – Қазақстан – Түрікменстан – Иран» бағыты арқылы теңіз порттарына шығу мүмкіндігі де болашағы зор жоба ретінде бағаланды. «Орта дәліздің» жұмысына Қытайдың қосылуын Қасым-Жомарт Токаев оң қадам деп санайды.

Саяси ерік

Ауыл шаруашылығы мен туризмге тоқталсақ, Мемлекет бұл салаға бұрын-соңды болмаған көлемде қолдау көрсетіп келеді: соңғы жылдары шаруаларға жүздеген миллиард, тіпті, триллион теңгеге жуық жеңілдетілген несие берілді. Иә, егін шаруашылығында айқын жетістіктер бар: астық пен ұн экспорты рекорд орнатып, экспорт жағрапиясы кеңейген. Бірақ, енді негізгі назарды мал шаруашылығына аудару қажет. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы субсидиялау жүйесіне сын айтты. Қолдау шаралары кейде масылдыққа жол ашып, ірі шаруашылықтарға көбірек пайда тигізіп отыр. Ал, шағын фермерлер жеткілікті қолдауға ие емес. Осы олқылықты жою үшін кооперацияға – шаруалардың ерікті түрде бірлесуіне қайта оралу ұсынылды. Елге шетелден де, ішкі туризм аясында да келушілер саны артып келеді, ал, халықаралық БАҚ Қазақстанды саяхаттауға лайық ел ретінде атай бастады. Қосымша шаралар қабылданады. Президент әлемдік медиа Қазақстанға қызығушылық танытып отырған сәтте босануға болмайтынын ескертті. Алматыны туристер үшін «ешқашан ұйықтамайтын қалаға» айналыру міндеті қойылды. Басты ұстаным – әлеует бар, мүмкіндік жеткілікті, бірақ, нәтиже үшін жауапкершілік, тәртіп және тиімділік керек. Ауыл шаруашылығында да, туризмде де енді қаржы көлемі емес, оның қайтарымы мен сапасы шешуші факторға айналуға тиіс.

– Мемлекеттердің көбі ауыл шаруашылығына бюджеттен қыруар қаржы бөледі. Солардың қатарында Қазақстан да бар. Шаруаларға 2024 жылы 580 миллиард теңге, былтыр 1 триллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл – өте қомақты қаржы. Соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10 есе артты, бірақ, оның тиімділігі күман тудырады. 2015-2024 жылдары ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл көрсеткішті одан да көбейтуге болар еді.

Есесіне, егін шаруашылығындағы нәтижелер өте жақсы болды. Астық пен ұн экспорты рекордтық деңгейге жетті, өнім жеткізілетін елдердің географиясы кеңейе түсті. Бұл – егіннің шығымдылығы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға арналған шаралардың нақты нәтижесі.

Енді басқа бағыттардағы жұмысты күшейту қажет. Ең ал-

дымен, мал шаруашылығын дамыту керек. 2035 жылға қарай әлемде мал етін тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға дейін өседі. Соған сәйкес, оның импорты 27 миллион тоннаға дейін артады. Қазақстанның, сыртқа, әсіресе, Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар. Сондықтан, былтыр қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы дәл осы мал шаруашылығы саласына арналды.

Билік ауыл шаруашылығын сапалық тұрғыдан дамыту үшін көп жұмыс істеп жатыр. Бірақ, қомақты инвестиция құю қалаған нәтижеге жеткізе бермейді. Оның тиімді жұмсалыуына баса назар аудару керек. Мен бұл туралы жуырда Таразға барған сапарымда айттым.

Іргелес елдердің бірде-біреуінде ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан мұндай ауқымды көмек көрсетілмейді. Ол жақтағы шаруалар Қазақстандағы әріптестеріне жақсы жағдай жасалғанына таңғалып, оларды «аграрлық олигархтар» деп атай бастады. Дегенмен, еліміздегі шағын шаруашылықтар жеткілікті көлемде субсидия ала алмай отыр. Үкіметке осы мәселеге айрықша назар аудару туралы тапсырма берілді.

Әлбетте, субсидиялар керек. Әсіресе, қазіргі кезеңде өте қажет. Бірақ, мұның кері әсері де бар. Себебі, масылдық пығыл туғызып, ауыл шаруашылығына қалу тәндіруі мүмкін. Сондықтан, қазір Үкімет кооперативтерге, яғни, шаруалар бірлестігін құруға қайта оралу мәселесін қарастырып жатыр. Кооперативтер еңбегі өнімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра алады. Сондай-ақ, дайын өнімді сататын нарықтарға жақын болуға, тұтынушылармен ұзақ мерзімге арналған қатым-қатынас орнатуға жол ашады.

Дамыған елдердегі кооперация жақсы қырынан көрініді. Тіпті, ірі корпорация деңгейіне жеткен бірлестіктер бар. Қазақстанның барлық ауылында табысты кооперация құруға негіз болатын алғышарттар жеткілікті. Шаруалар жазда малын бағып, сүт, ет, тері, жүн жинап, оны өңдеу үшін күш біріктіре алады. Солай етуге тиіс те. Күнкөрістен өсіп-өркендеуге бастайтын жол – осы. Кооперация бірлік пен жасампаздық идеологиясы деп те қарастырылған дұрыс.

Бірақ, кооперация өзінен өзі пайда бола салмайды. Ел ішінде елжей-тегжейлі түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу қажет. Алайда, бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жұртқа қысым көрсетуге, оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді, – деді Қасым-Жомарт Токаев.

Президент Қазақстан үшін жасанды интеллект пен цифрландыру – сәнді ұран емес, елдің өркенінеетті мемлекет ретінде сақталып қалуының жалғыз жолы екенін нақты айтты. 2026 жылдың Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялануы – осы бағыттағы саяси еріктің айқын көрінісі. Қазақстанның бастапқы мүмкіндігі бар: цифрлық мемлекеттік қызметтер, финтех, IT-старттар экожүйесі дамыған, Astana Hub-та 2000-ға жуық ком-

пания жұмыс істейді, IT-қызмет экспорты 1 млрд долларға таяды. Мемлекет жасанды интеллекттің жүйелі түрде енгізуге кірісті. Жасанды интеллект дәуірінде алға шыққан елдер мен артта қалған мемлекеттердің арасы жылдам ашылып барады. Қазақстан сол алдыңғы топта болуға тиіс!

Мемлекет басшысы жаңа технологиялық экономикаға көшу үшін сенімді әрі қуатты энергия көздері қажет екенін ашық айтты. Суперкомпьютерлер, дата-орталықтар, автоматтандырылған өндіріс – бәрі орасан энергияны талап етеді. Осы тұрғыда атом электр стансаларын салу стратегиялық міндет ретінде қарастырылады. Қазақстанның жаңа даму моделі үш тірекке сүйенеді: жасанды интеллект – қуатты энергия – стратегиялық ресурстар. Президент басым бағыттардың барлығын елдің ұзақ мерзімді тәуелсіздігі мен бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде қарастырады.

Мәртебе

«Биыл Қазақстан халқы қастерлі Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық мерейлі белеске жеткенін атап өтеді. Бұл – тарих тұрғысынан алғанда қас-қағым сәт болғанымен, жекелеген мемлекеттер мен адамдар үшін біршама ұзақ мерзім. Сіз Қазақстанның жүріп өткен жолын қалай бағалар едіңіз? Алдағы бағдарымыз қандай?» деген салмақты сауалға Қасым-Жомарт Токаев былайша жауап берді.

– Мемлекет құру ісінің куәгері болған және бұл іске атсалысқан азамат ретінде «осы жылдарда Тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін өте көп жұмыс атқарылды» деп айта аламын. Иә, жетістіктермен қатар, қателіктер де болды. Онсыз мүмкін емес қой?! «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» деген сөз бар. Қалай болғанда да, еліміз бұралары көп, бағдары бұлыңғыр, күрделі жолды жүріп өтті. Жер жүзінде Қазақстанға тілеуелестік білдіргендер аз болған жоқ, бірақ, жымсысық ниет танытқандар да бар еді. Өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың басында шетелдерде «қазақтардың қолынан ештеңе келмейді» деген пікір айтылып жатты. Өйткені, демографиялық ахуал мен кеңес дәуірінен қалған саяси және экономикалық жағдай табысты мемлекет құруымызға қолбайлау болатындай көрінді. Өмірдің өзін бұл болжамдарды жокқа қайтарды. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып жатқан, халықаралық беделі жоғары, табысты мемлекетке айналды. Бірақ, алдымызда тәжірибесі мол азаматтарға да, жастарға да ортақ орасан зор жұмыс бар, – деді Президент.

Мемлекет басшысымен өрбіген сұхбат тынысы ел тарихының, халық тағдырының, қоғамның болашағы сынды іргелі тақырып атаулысын бір арнаға тоғыстырғандай. Тәуелсіздік – тандалған жолда адал еңбек пен сындарлы ерік. Өр реформаның қыр соңында сандаған адамның үміті, әр жаңа жобаның астарында – тұтас халықтың сенімі тұр. Энергетикадан бастап, цифрлық технологияға дейінгі барлық басым бастамалар бір мақсатқа: Қазақстанды өркениетті, әділ, бәсекеге қабілетті елге айналдыруға қызмет етеді.

Президенттің сөзі – ескерту де, үндеу де. «Тек алға ұмтылу керек», – деген үгіт пен үміт тек қағаз бетінде қалмауы тиіс. Бұл – тарлан тарихпен бетпе-бет келген жауапкершілік. Бүгінгі таңда көрінген қиындықтарға қарамастан, ертеңге деген сенім мен жоспар. Бір нәрсе айқын: әр азамат, әр фермердің еңбегі, әр инженердің қадамы – осы үлкен жетістіктің бір бөлігі. Бір халықтың ұлы ұстанымы мен батыл қадамы арқылы ғана бейбіт өмір мен берекелі даму мүмкін болмақ. Тәуелсіздік таразысына тартылған әр шешім, тек бүгінді емес, болашақты бағдарлай алатын тұғырға айналады. Қазақстан өзінің тандалған бағыты мен айқын миссиясына адал ел. Тәуелсіздік – өткенге салауат, ертеңге бағдар, бүгінге – батыл қадам.

Тәуелсіздік тәбәрігі



Қолында жасаған Алібек Рахымжан

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тәуелсіздіктің 17 жылдығында ТМД елдері арасында алғаш болып ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі – еліміздің беделі мен абыройының айқын дәлелі. Бүгінде Қазақстан еуразиялық және еуро-атлантикалық кеңістікте бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға зор үлес қосып келе жатқан, болашағы жарқын, еңсесі биік мемлекетке айналды.

Еліміздің Тәуелсіздігін жариялап, тағдыр тізгінін өз қолына алуы – халқымыз үшін әрі шексіз мақтаныш, әрі аса ауыр тарихи жауапкершілік болды. Азаттықтың ақ таңымен бірге ел болашағы үшін жауап беру міндеті де иығымызға артылды. Осы отыз бес жыл ішінде Қазақ елі сол жауапкершіліктің салмағын терең сезіне отырып, болашаққа нық сеніммен қадам басты, өзінің ішкі қуатына, ұлттық әлеуетіне қалтқысыз сенді. Бүгін өткен уақыт безбеніне тәуелсіз елдің биік тұғырынан көз салсақ, бұл кезең Қазақстан тарихындағы ең сындарлы да тағдыршешті, ең айтулы белестерге толы уақыт болғанын анық аңғаруға болады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шетелдік басылымдарда еліміздің ертеңіне күмәнмен қарап, тағдырына сенімсіздік танытқан пікірлер аз болған жоқ. Тіпті, қазақ халқының мемлекеттілік дәстүрі жоқ деген жаңсақ ойлар да айтылды. Алайда, отыз бес жылдық тәуелсіздік тарихы мұндай күмән атаулыны күл-талқан етіп, Қазақ елінің шын мәніндегі мемлекетшіл ұлт екенін айқын дәлелдеді. Мыңжылдықтар қойнауынан бастау алатын, кемінде үш мың жылдық мемлекеттілік шежіресі бар халқымыз бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан арқылы өзінің тарихи сабақтастығын, рухани қуатын және болашаққа деген берік сенімін бүкіл әлемге паш етіп отыр.

Алғашқыда экономика тоқырап, өндіріс орындары тұралап, халықтың тұрмысы төмендеді. Дегенмен, ел еңсесін

түсірмеді, болашаққа деген сенімін жоғалтпады. Сабыр мен бірлікті ту еткен халық өтпелі кезеңнің қиындығын еңсерді. Соның нәтижесінде мемлекеттіліктің берік негізі қаланды, ұлттық экономика қалыптасты, мемлекеттік шекара шегенделіп, ел тұтастығы нығайды. Бұл жылдар елді шыңдады, мемлекетті кемелдендірді.

Өткен 35 жыл ішінде Қазақстан халықаралық қауымдастықта өз орны бар, беделі бекем мемлекетке айналды. Ядролық қарудан өз еркімен бас тарту арқылы еліміз бейбітшілік пен қауіпсіздікті таңдағанын бүкіл әлемге дәлелдеді. Бүгінде Қазақстан жаһандық қауіпсіздікке үлес қосып отырған, ашық диалог пен кемел келісімді ту еткен, көпвекторлы саясат ұстанған ел ретінде мойындалып отыр.

1990 жылдардың басы Қарағанды облысы үшін ең күрделі кезеңдердің бірі болды. Кеңес Одағы тарағаннан кейін бұрынғы өндірістік байланыстар үзілді, көмір шахталары мен зауыттар тоқырауға ұшырады, жұмыссыздық белең алды. Әлеуметтік ахуал күрделеніп, көптеген елдімекендерде тұрмыс деңгейі төмендеді.

Бұл жылдары Қарағанды облысы бірсалалы экономикаға тәуелділіктің зардабын тартты, өндірістік инфрақұрылымның тозуын бастан өткерді, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мәселесімен бетпе-бет келді.

2000 жылдардан бастап Қарағанды облысы біртіндеп экономикалық тұрақтылыққа бет алды. Көмір өндірісі сақталып қана қоймай, қайта жаңғыртылды. Металлургия, машина жасау, энергетика салаларында жаңа өндірістер іске қосылды. Тәуелсіздік жылдарындағы маңызды бетбұрыстың бірі экономиканы әртараптандыруға ұмтылыс болды. Қарағанды облысында шағын және орта бизнес дамыды, агро-өнеркәсіп кешені біртіндеп жанданды.

Индустрияға ғана тәуелді болу қа-

уіпті екенін уақыт көрсетті. Сондықтан, өңірде жаңа өндірістер, логистика, құрылыс, білім мен медицина салаларына инвестиция тарту күшейді.

Экономикалық өзгерістер әлеуметтік салада да көрініс тапты. Тәуелсіздік жылдарында Қарағанды облысында жаңа мектептер мен ауруханалар салынды, жол және инженерлік инфрақұрылым жаңартылды, тұрғын үй құрылысы жанданды.

Тәуелсіздік жылдары мал шаруашылығы қайта жанданды, ауыл шаруашылығында жаңа технологиялар енгізіле бастады, ауыл инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған бағдарламалар іске асты. Бүгінде ауылдарды дамыту өңір дамуының стратегиялық бағытына айналып отыр.

Қарағанды облысы – индустриялық негізі бар, экономикасы біртіндеп әртараптанып келе жатқан, әлеуметтік және рухани дамуға бет алған өңір. Алдағы міндет – осы әлеуетті толық пайдаланып, өңірді тұрақты әрі теңгерімді даму жолына шығару. Бұл – тәуелсіздіктің жаңа кезеңіндегі Қарағанды облысының басты мақсаты.

Егемен елдің еңселі жолында кенді өлке еліміздің индустриялық дамуына тірек болып, ел экономикасының қуатын арттырды. Тәуелсіздік жылдарында Қарағанды күрделі құрылымдық өзгерістерді бастан өткеріп, жаңа экономикалық бағытқа бейімделді. Бүгінде өңір тек өндірістің ғана емес, ұлттық рухтың, тарихи сананың, жаңғыру мен серпілістің орталығына айналып отыр.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіздіктің 35 жылы – бұл тек уақыт өлшемі емес, бұл – елдің рухани кемелдену жолы, ұлттық сананың қайта жаңғыруы, болашаққа деген берік сенім. Азаттықтың ақ туын желбіреткен, мәңгілік елді бағдары санаған, ұлы мұрат жолындағы Қазақ ұлты ертеңіне нық қадам басқан еңселі ел ретінде дамуын жалғастыра береді.

• ҒАРЫШКЕР, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ – 80 ЖАСТА

Аспан әлеміндегі асқақ рух

Биыл қазақ елінің Халық қаһарманы, тұңғыш ғарышкері Тоқтар Онғарбайұлы Әубәкіров сексен жасқа келеді. Уақыттың өзі таразыға тартқандай, дәл осы жылы оның ғарышқа көтерілгеніне де отыз бес жыл толады. Бірі – адам ғұмырының биік белесі, бірі – ұлт тарихындағы ұмытылмас сәт. Екеуі тоғысқанда, бір адамның өмірі арқылы тұтас дәуір сөйлеп тұрғандай.

Нұрсұл КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1991 жылдың 2 қазаны. Байқоңырдың боз даласы таңғы тыныштығын ішіне тартып, көкке көз тіккен шақ. Сол сәтте зымыран оты лап етіп, аспанды тілгенде, ғарышқа тек бір адам емес, қазақ халқының ғасырлар бойы іште жатқан арманы самғап шықты. Ұшқан – Тоқтар Әубәкіров еді. Ал, көтерілген – елдің рухы болатын.

Содан бері отыз бесінші жыл жылыстады. Уақыт алыстаса да, сол күннің салмағы жеңілдеген жоқ. Себебі, бұл сапар ғылым үшін ғана емес, елдің үшін, еңсе үшін, намыс үшін жасалған ұшу еді. Қазақ баласы алғаш рет көкпен тілдесіп, Жерге жоғарыдан қарады. Батыр ғарышқа жалғыз ұшқан жоқ. Ол өзімен бірге Сарыарқаның самалын, Қарқаралының қарағайын, даланың иісін ала шықты. Орбитаға жеткенде туған жер көзге көрінбесе де, жүректегі сағыныш анық сезілді. Ғарышта салмақ жоқ дейді, ал, сағыныштың салмағы сол жерде бұрынғыдан да ауырлай түскені анық. Ғарышта ең ауыр салмақ сағыныш екенін Тоқтар ағамыз сонда түсінгендей.

Кеңестік ғарыш кемесінің соңғы ізімен бірге қазақтың тәуелсіз таңына жол ашылғандай болды. Осы орайда белгілі публицист Мағауия Сембай ағатайымыздың «СССР – Тоқтарға қарыз» деп жазған мақаласы еске түседі.

«Тоқтар ағамыз СССР-дің өзіне, қазаққа қарыз екенін айтпайды. Өйткені, ол – бөлек жаратылған жан. Желтоқсандағы намысы аяққа тапталған мұқым қазақтың тот басып, мұқалуга айналған алдаспанын қайрап алып, аямай сілтеген. Мұхтар Мағауин ағасы сияқты. СССР деген империя әлі тұрған ол кезде. Кремльдің награда тапсыратын Георгиев залындағы сөзін қазақшаға аудармай-ақ түпнұсқасында оқыңыздар. (Қазір орысша білмейтін қазақ жоқ шығар). – Тот, кто не кормит свою армию, тот преклонен кормить чужую армию. Михаил Сергеевич, Вы ведете страну на гибель – депті Батыр. Тоқанның жанында СССР-дің Қорғаныс министрі, Маршал Шапошников тұрған екен.

«Ну, Аубакиров!» дегеннен аса алмапты. М.Горбачев подноспен әкелген шампанды ішпей (бүгінгі күнге дейінгі дәстүрлері осындай) табанын жалттыратпты. Бұл енді, Тоқтар Батырдың ғана



Жеті күн, жиырма екі сағат, он екі минут...

Қағазға сыйған осы уақыттың ішінде қазақтың бағы сыналды. Ғарышта жүргізілген зерттеулер ғылым үшін маңызды болса, сол сапардың рухани салмағы одан да ауыр еді. Себебі, бұл ұшу – тәуелсіздік табалдырығында тұрған елдің тағдырымен тұспа-тұс келді. Сынақшы-ұшқыш үшін көк жат емес. Бірақ, ғарыш – басқа әлем. Мұнда бұрынғы жара да, бұрынғы сызат та еселеніп сезіледі. Қаһарман оны білдірмеді. Батырлар ауырсынбайды демейді, батырлар ауырсынуды жеңеді. Жерге оралғандағы үнсіз қиналысы – сол жеңістің бағасы еді. Юрий Гагарин бастаған ғарыш дәуірін батыр Тоқтар баянды етті. Бір империяның ғарыштағы ауыр жүк Арқадан шыққан азаматтың арқасына артылды, қазақ баласының қолына тапсырылды.

қолынан келетін шаруа» деп жазады қарымды қаламгер Мағауия Сембай ағамыз.

Елдің аузында бұл әңгіме әлі айтылып жүр. Ғарышқа ұшар алдында Тоқтар ағамыз Қорқыт ата мазарынан бір уыс топырақ алды. Мәңгілікті іздеген бабаның рухы ғарышқа бірге аттанды. Бұл – қазақтың жермен ғана емес, рухпен де байланысын үзбегенінің белгісі еді. Ғарыш пен дала, ғылым мен сенім осылайша бір адамның тағдырында түйісті. Тоқтар Әубәкіров – КСРО-ның 72-ші ғарышкері. Бірақ, қазақ үшін ол – тұңғыш әрі мәңгілік ғарышкер. Оның есімі ұлт жадында алтын орпаппен жазылды.

Бүгінде сол тарихи ұшу отыз бес жылға жуықтады. Ал, қазақ батыры биыл сексен жасқа толады.

Суретті түсірген
Жұмабек ИМАНӨЛІ

• «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНІҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕНІНЕ – 95 ЖЫЛ

Ақпараттың Арқадағы алдаспаны

Ақпарат ауаны смартфонның сиқырлы экраны арқылы жарық жылдамдығымен тарайтын заманда газеттің киелі парағы сыбырының өзінде бір тылсым бар. Газет тек хабар таратпайды. Дәуір мен дәуірді бір-біріне жалғай алатын қасиетке еге. Биыл торқалы 95 жылдығын атап өткелі отырған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық қоғамдық-саяси газеті – ұлт мұратының мұрагері.

Ерканат КЕҢЕСБЕКУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Орталық» жөнекей басылым емес. Тұтас Түркістанның тарлан тарихын көздей өтерімізде Орталық Қазақстандағы жанды шежіресі де шернамасы! «Орталық» пен Қарағанды – егіз ұғым. Кешегі кеңестік дәуірдің индустриялық алыпптарынан бастап, цифрлық болашаққа нық қадам басқан ұлт жолын айна-қатесіз сабақтай білген шарайна.

...1931 жыл. Қарманған Қарағанды көмір кеніші ретінде енді ғана бой көтере бастаған шафқатты шақ. Шахта шаңы ауада қалықтап тұр. 4 қазанда «Қарағанды пролетариаты» деген атпен бір елдің бір газетінің алғашқы саны жарық көреді. Газет айқармасының сырлы бедерінде жігерлі жұмысшының, игілік көксер инженердің, арманшыл жастың қарапайым, дегенмен, өркек үні таңбаланған. Атаулы күн кездейсоқ тандалмаса керек. Ол Қазақстанның Одақтың «өнеркәсіп ұста-

ханасына» айналған индустрияландыру кезеңінің шарықтау шегіне тұспа-тұс келген-тін. Газет алғашқы күннен-ақ өміршең өзгерістердің жынамашысына айналды. Әуел баста көмір тиеген алғашқы вагондардан бастап, кеншілердің ерлікке толы күнделікті еңбегіне дейін қамтылды. Қызықтысы, сол жылдарғы баспасөз бетінде тек өндірістік жалаң есептер ғана емес, жұмысшылар өз өмірін машиналардың ыргағымен ұйқастырған өлеңдер де жарияланған. Ал, алғашқы редакторлардың бірі «Забойдан жеткен үн» атты айдар енгізіп, кеншілердің өз әңгімелерін жазуына мүмкіндік берген деседі. Демегіміз, лайк пен репостсыз-ақ жүзеге асқан, сол кезгі заманауи оқырман контентінің алғашқы өзгеше үлгісі еді «Орталық».

Ғасырға жуық уақыт ішінде газет бірнеше мәрте атауын өзгертті. Алғашқы атауы «Қарағанды пролетариатынан» кейін 1938-1963 жылдардағы «Советтік Қарағанды», бүгінгі «Орталық Қазақстан» атауы өзгергенімен, ұстанымы бұлжыған



жоқ. Әр атау бір-бір тарау секілді. Соғыс жылдарында басылым майдан жаңалықтарын жеткізіп, ерлікке үндеген болса, 1950 жылдары тың игеру науқанын жырлады. Қазақ даласы ынта-жігерге толы жандардың қолымен гүлдене түсті. Тың игеру жылдарында газет облысқа

келген түрлі республикалардың жастары «жасыл армиялар» туралы арнаулы репортаждар сериясын жариялады. Ал, 1990 жылдары басылым жаңа ұлттық болмысты қалыптастырудың жаршысына айналды. Қазақ тілі, мәдениет пен экономикалық реформалар туралы мәй-

екті мақалалар өңір тұрғындарының өзін біртұтас ұлттың бөлшегі ретінде сезінуіне оң ықпал етті. Бүгінде медиа кеңістігі бөлшектенген заманда газет біріктіруші факторы болып, Астанада ауылға дейінгі төл тарихымыздың біртұтас екенін еске салумен келеді.

«Орталық» – қазыналы Қарағандының мәдени орталыққа айналдыруға үлес қосқан таланттар ұясы. Қарашаңырақ. Ал, бажайлап қарағанымызда жалған ақпарат шырмауықша шырмаған осы күнде «Ortalyq Qazaqstan» ресми ақпарат көзінің санаулыларының бірі де бірегейі болып отыр. Қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі зор. Бұл – бір тәуелсіз елдің гүлденуі үшін оның тарихы адал әрі жүректен жазылуы керектігін үйрететін баспасөз.

...Тоқсан бес жыл. Ғасырға жуық уақыт бойы қағаз бетіндегі ақиқат, ұмыт қалмаған дауыс пен намыс жаңғырығы менмұңдалайтындай. «Ortalyq Qazaqstan» – газет бетіндегі Қарағанды. Газет пен гаджет бір арнаға тоғысқанында газеттің бәсі бәрібір басым. Бір елдің бірегей газеті, мерейлі межең мүбәрәк болсын!

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• 2026 – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ

Қазақстанның бірегей бастамасы

Қазақстанның бастамасымен халықаралық деңгейде маңызы зор тарихи шешім қабылданды. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 2026 жылды Орнықты даму мақсатындағы халықаралық еріктілер жылы деп жариялау туралы арнайы қарар қабылдады. Бұл шешім еліміздің жаһандық азаматтық қоғамды дамытудағы белсенді ұстанымын және еріктілер қозғалысын қолдаудағы көшбасшылығын айқын көрсетті.



Cypet aigak.kz

Жамал СОВЕТКЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған бастаманы Қазақстан Республикасының Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясының жалпы саяси пікірталастары барысында ұйым мүшесіне көтерген болатын. Мемлекет басшысы өз сөзінде ерікті қызметі қоғамды біріктіретін, орнықты дамуға жол ашатын қоғамдық институт ретінде атап өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еріктілер қозғалысы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, халықтың осал топтарына қолдау көрсетуге және азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы бастаманың халықаралық деңгейде қолдау табуы Қазақстанның бейбітшілікке, ынтымақтастыққа және гуманизмге негізделген саясатының заңды нәтижесі саналады. Қазақстан бұл қарарды әлемнің барлық аймақтарынан пікірлес елдермен бірлесіп ұсынды. Атап айтқанда, Армения, Боливия, Германия, Кения және Кирибати аралдық мемлекеті бастаманы алғашқылардың бірі болып қолдады. Сонымен қатар құжаттың тең авторлары қатарына Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше 54 мемлекет қосылды. Бұл – Қазақстан көтерген ұсыныстың халықаралық қауымдастық тарапынан кең қолдау тапқанын аңғартады.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2020 жыл Қазақстанда Еріктілер жылы бо-

лып жарияланды. Бұл шешім еліміздегі еріктілік қозғалыстың жүйелі дамуына серпін берді. Осы кезеңде мыңдаған қазақстандық әлеуметтік, экологиялық, білім беру және гуманитарлық бағыттарда белсенді жұмыс атқарды. 2020 жылғы бастаманың жалғасы ретінде 2021-2023 жылдарға арналған еріктілік қызметті дамытудың жол картасы қабылданды. Құжатта еріктілерді қолдау тетіктері, оқыту бағдарламалары және инфрақұрылымды дамыту шаралары қамтылды. Нәтижесінде еліміздегі еріктілер саны 200 мың адамға жетті.

Бүгінде Қазақстанда еріктілер қозғалысы қоғам өмірінің барлық саласын қамтып отыр.

2026 жылды «Орнықты даму мақсатындағы халықаралық еріктілер жылы» деп жариялау – еліміздің әлеуметтік жауапкершілікке, тұрақты дамуға және адамгершілік құндылықтарға негізделген саясатының жалғасы. Бұл бастама еріктілер қозғалысын жаңа сапалық деңгейге көтеріп, халықаралық қоғамдастықтың назарын волонтерлік қызметтің маңыздылығына аудармақ. Халықаралық еріктілер жылы аясында түрлі елдерде әлеуметтік жобалар, форумдар, конференциялар және бірлескен бастамалар жүзеге асырылатын болады. Бұл өз кезегінде азаматтық қоғамды дамытуға, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға ықпал етеді.

• БАҒДАР

Табыс тәуекелге тәуелді

2026 жыл ел экономикасы үшін тұрақты өсім кезеңі болмақ. Олай деп айтуымызға негіз жеткілікті. Басқы назар әртараптандыруға, инфрақұрылымдық жобаларға және кәсіпкерлікті қолдауға аударылады. Болжамдарға сәйкес, елдің жалпы ішкі өнімі 5,4-5,5% деңгейінде өсіп, түрлі салалардағы бизнес үшін мүлтіксіз мүмкіндіктер ашады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1 қаңтардан бастап, Қазақстанда жаңа Салық кодексі (2025 жылғы 18 шілдедегі №214-VIII ҚР Заңы) күшіне енді. Кодекс шын мәніндегі салық жүйесін оңтайландыру, түсімді арттыру әрі бизнесті көлеңкелен шығару мақсатындағы ауқымды реформа рәмізі. Бірден ескертелік, кәсіпкер үшін өзгеріс айқын сезіледі. Негізгі салықтар легі бойынша жүктеме артып, әкімшілендіру амалдары жеңілдеп, шағын бизнеске қолдау күшейеді. Қосымша күн салығы 12%-дан 16%-ға дейін өседі. Міндетті тіркеу шегі екі есеге төмендеп, жылына шамамен 40 млн теңгеге (10 000 АЕК) дейін қысқарады. Арнаулы салықтың 8 режимнің орнына тек 3-еуі қалады. Жалпы режимдегі компаниялар корпоративті табыс салығы кемімейді. КТС 20%-деңгейінде қалғанымен, жеңілдік қарастырылған. Ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін – 3%, әлеуметтік сала үшін – 5-10%. Тексеру амалдары ықшамдалып, мерзім қысқарып, жазалаудан гөрі сүйемелдеу мен түсіндіруге басымдық беріледі. Жеке табыс салығының прогрессивті шкаласы, жеке тұлғаларға арналған шегерімдер, зейнетақы төлемдерін салықтан босату енгізіледі. Иә, кәнігі кәсіпкер үшін 2026 жыл – бейімделу кезеңі. Салық жүктемесін қазірден есептеп, режимді дұрыс таңданыз, келісімшарт-

тарды қайта қараңыз. Реформа қатан, бірақ ашық: алдын ала қамданғандар өседі-өнеді. Ештеңені елемеуге болмайды. Тәуекел жоғары. Әрекет етіңіз! Әсіресе, инновацияға, экспортқа және жергілікті нарықтарға бағытталған кәсіпкерлер тақырыпты күнбе-күн зерттей түсетіндей. Үкімет тарабы Ұлттық инфрақұрылымдық жоспар мен 2026 жылға дейінгі Инвестициялық саясат тұжырымдамасы сияқты ұлттық сипаттағы жосынды жоспарлар арқылы инвестиция игілігін ынталандырып, бизнесті жүргізуді жеңілдетуге басымдық береді. Тақырыпты тамырындай тап басуға беркініп, әр деңгейдегі әрі дәстүрлі тау-кен өнеркәсібі жаңа өңдеу мен өндіріс жобаларымен ұштасатын орталық облыстағы негізгі үрдістерге зер саламыз.

Бір қызықтысы, дәл осы жылы республика көлемінде экономикалық өсім жеделдейді. Негізгі үлес дәстүрінен еш жаңылмаған мұнай секторына тиесілі. Мұнай өндіру 3,3%-ға артады деп күтілуде. Сонымен қатар, өңдеуші өнеркәсіп пен қызмет көрсету салалары қаз-қатар дамиды. Номиналдық ЖІӨ 183,8 трлн теңге деңгейіне шамаланып, 2028 жылға қарай 229,8 трлн теңгеге дейін өседі. Негізгі қисаптық драйверлер – металлургия (3% өсім), құрылыс, көлік, сауда және қойма шаруашылығы.

Өз кезегінде мұндай көрсеткіш көкжиегі кәсіпкер үшін бірнеше маңызды бағытта «қозғалуға» дем-күш береді. Өңдеуші өнеркәсіп: 6,2% өсім. Жаңа зауыттар іске қосылып, қолданыстағылары толық қуатын еншілейді. Үкімет өңдеу саласын дамытуға арналған жол картасын әзірлеуде. Ескере кетсек, былтыр өнеркәсіп өндірісінің индексі 105,9%-ға жеткен. Кәсіпкерлер экспортқа бағытталған өндірістер легіне, бәрінен бұрын металлургия мен химия салаларына инвестиция құя алады.

Инфрақұрылым және құрылысқа келелік. Ұлттық инфрақұрылымдық жоспар

• 2026 – ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

Батыл қадам

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Жаңа жылмен құттықтау сөзінде «Мен биылғы Жолдауымда Цифрлық мемлекет болуымыз керектігін жарияладым. Сондықтан, келесі жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп атау туралы шешім қабылдадым. Озық технологиялар еліміздің барлық саладағы әлеуетін арттыруға жол ашпақ», – деді. Осы шешімі арқылы Мемлекет басшысы еліміз жаңа дәуірге жай ғана қадам жасап қана қоймай, көштің алдынан көрінуге бел буғанын айқындап отыр. Сөйтіп, Жылқы жылында цифрландыру мен жасанды интеллектіге айрықша көңіл бөлініп, берілген тапсырмаларға сәйкес атқарылатын жұмыстарға қарқын қосылмақ. Бұл – «өсемін, өнемін, өркендеймін» деген халыққа тән қадам деп түсінгеніміз абзал. Кәрі тарихқа көз жүгіртсеңіз, кез келген ұлттың интелектуалдық сапасы һәм қуаты дәуірлер алмасқанда көрінеді. Сіз бен біз жаңа дәуірдің табалдырығынан аттадық.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан цифрлық дәуірге қадам басуда әлдеқашан толағай жетістіктерге жетіп қойған. Біріккен Ұлттар Ұйымының жасаған рейтингіне сүйенсек, электрондық үкіметтің даму индексі бойынша Қазақстан 193 елдің ішінде 24-ші орында тұр. Бұл – әлемдік сарапшылардың бағалауынша өте жоғарғы көрсеткіш. Ал, онлайн қызметтер индексі бойынша, әлемде 10-шы орыннан көрінді. Рейтинг мемлекеттердің цифрлық қызметтерін, электрондық үкімет инфрақұрылымын және азаматтарға онлайн қызметтердің көрсетілуін бағалайды. IMD World Digital Competitiveness Ranking, яғни, цифрлық бәсекеге қабілетті елдердің рейтингінде еліміз 67 елдің ішінде 34-ші орынды алып тұр. Бұл – 2024-2025 жылдарда жасалған рейтинг. Цифрлық бәсекеге қабілетті үздік бестікке енген мемлекеттер: 1-орында Швейцария, 2-орында АҚШ, 3-орында Сингапур, 4-орында Гонконг, 5-орында Дания тұр.

Әлемдік тәжірибе мемлекеттік қызметтердің цифрлануы жемқорлық деген дертке қойылатын қауқарлы тойтарыс екенін көрсетті. Экономика, медицина, білім мен ғылым, құқық қорғау салаларындағы күрделі проблемалар шешімін тауып жатыр. Нақты деректер сөйлесін. Мәселен, әлем елдеріндегі жемқорлыққа қатысты «Transparency International» ұйымы жыл сайын жемқорлық жайлаған елдердің рейтингін жасайды. 2020



Cypet aigak.kz

жылы Қазақстан 94-ші орынды алған. Сарапшылардың бағалауынша, бұл – сол жылдардағы ең үздік көрсеткіштердің бірі. 2024 жылы 84-ші орыннан көрінген. «Transparency International» ұйымы былтырғы көрсеткішті жариялаған жоқ. Ақпан айында жарияланады деп күтілуде.


Цифрландыруда жеткен жетістіктеріміз көп. Бірақ, қаншалықты жетістікке жеткенімізді бағамдау үшін қоғамдық көліктердегі бір ғана «Onau!» төлем жүйесін мысалға келтірейік. Бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, қоғамдық көліктерге енгізілген «Onau!» төлем жүйесінің өзі жылдар бойы қордаланған мәселелерді шешіп берді. Смартфондағы банк қосымшасы арқылы «Onau!» қосымшасына қаражат аударып, автобустағы QR код арқылы жол ақысын төлейсіз. Төлем жүйесі арқылы автопарктердегі кірістер мен шығындар толық бақылауға алынып, жұмсалатын қаражат мөлшері жүйеленді. Осының арқасында бүгінде аймақтағы автобус парктеріндегі қоғамдық көліктер толықтай жаңарды деуге болады. Цифрлық технология арқылы мемлекеттік бюджет көл-көсір үнемге кенелді.

2024-2025 жылғы ресми деректерге сүйенсек, Қазақстанда мемлекеттің қызметтердің 90-92%-ы онлайн режимде қол жетімді. Мұнда «Gov» порталы және басқа да қосымшаларды мысалға алуға болады. Цифрландыру нәтижесінде халыққа қызмет көрсету орталықтарына келетін

азаматтардың саны едәуір азайған. Кез келген құжатты жасау үшін ұзын-сонар кезекте тұрмайсыз. Ақпараттандыру жұмыстары да бір ізге қойылған. Құжатыңыздың тіркелгенін, дайын болғанын SMS хабарламалары арқылы ақпараттандырып отырады. Халыққа қызмет көрсету орталығына баруға мәжбүр болған жағдайдың өзінде «Gov» қосымшасы арқылы кезекке тұрасыз. Бұл жүйеге жасанды интеллект енгізілген. Жасанды интеллект тізімнен қателеспейді, кезекті сапырмайды. Бұлжымас тәртіппен, жүйемен жұмыс атқарады.

Қарағанды – өндірістік аймақ. Еліміздегі ең қуатты өңірлердің бірі. 300-ге тарта өндірістік орын бар. Алпауыт компаниялар бүгінде цифрландыруға толықтай бет бұрған. Адамның қателігінен болатын өндірістік апаттар кейінгі бес жылда күрт азайды. Себебі, зауыттарға қарбаласқа толы жұмыс барысында адам аңдамай қалатын қателіктерді оңдап отыратын «ақылды құрылғылар» орнатылған.

Аймағымыздағы «Террикон алқабын» мақтанышпен айтамыз. Бұл – зияткер жастардың ортасы, адамзат баласының күнделікті тіршілігін жеңілдететін, мүмкіндіктерін арттыратын қосымшалар жасалатын шеберхана, IT мамандардың ұстаханасы деуге де болады. Келешекте дәл осы мамандар цифрлық және жасанды интеллект дәуіріне батыл қадам жасаған Қазақстанға ауадай қажет болмақ.



межелі жобаларды едәуір жандандырып, түрлі қызметтер мен материалдарға сұранысты арттырмаса, кемітпесі аян. Бұл логистика мен жеткізу саласындағы шағын және орта бизнес үшін тиімді. Ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету салаларының албарына үнілгенімізде ауылдық жерлерде, әсіресе, әйелдер мен жас кәсіпкерлер үшін жұмыс орындарын құруға басымдық берілетінін қуантады. Үрдіс үзіліссіз жалғаса бермек.

Инвестициялар мен инновациялар. Осыған дейінгі инвестициялық саясат

тұжырымдамасы капитал тартуды жеңілдетіп, экономиканы әртараптандыруды көздейді. Еуразиялық даму банкі мемлекеттік бағдарламалармен қолдау тапқан 5,5% тұрақты өсімге жол сілтейді. Не дегенмен, тәуекелдер де жоқ емес. Кәнігі сарапшылар мұнай бағасының төмендеуі мен шикізаттық емес секторлардағы құрылымдық әлсіздіктерге байланысты өсімнің 4,5%-ға дейін баяулау ықтималдығын да әсте жокқа шығармайды. Сондықтан болар, кәсіпкерлер қауымы жаһандық тауар нарықтарындағы баға-

ларға тәуелділікті мейлінше ескеріп, тұрақты бизнес-модельдерге басымдық бергені абзал.

Дәстүрлі өндірістік орталық саналатын облыс 2026 жылы инвестиция тарту бойынша көшбасшылар қатарынан көрінбек ниетте. Өңір 29 жоба арқылы 1,5 трлн теңге инвестиция жұмылдыруды көздейді. Мұның жарымы өңдеуші өнеркәсіпке тиесілі. Есесіне мыңдаған жұмыс орны ашылып, жергілікті кәсіпкерлік түлей түспек. Көмір мен металл тау-кен нарығы өспесе, кемімесі өмбеге аян. Биыл да ERG компаниясы 20 млн АҚШ доллары көлеміндегі инвестициямен галлий өндірісін іске қосады. Демек, Орталық Қазақстан осы металлдың жаһандық нарығына шығады. Өз кезегінде кәсіпкерлер болса, жабық жеткізу, қалдықтарды өңдеу сияқты қосалқы бизнестерді дамыта алады.

Өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға арналған ұлттық жол картасы аясында да өңір өмірінде жедел өсім аңдалады. Химия және тамақ өнеркәсібіндегі жаңғырту мен әртараптандыруға бағытталған инвестициялық жобалар стартаптар үшін мүлтіксіз мүмкіндіктер жаратады. Сауданың өсуімен (2026 жылы ұлттық деңгейде 92,4 трлн теңге болжанады) Қарағанды көлік хабы ретінде инфрақұрылымның жақсаруынан ұтады. Нәтижесінде логистика мен e-commerce саласы қанатын кеңірек серпиді.

Биылға батпандай үміт артамыз. 2026 жыл – кәсіпкер үшін тек үр жаңа күнтізбе емес, таңдау жолы болмақ. Бұрнағы сұрлеу-соқпақпен жүру ме, әлде белгісіз белес бедеріне батыл қадам басу ма. Экономика өсіп келеді, цифр сенім ұялатады, жоспар нақты. Бірақ, татымды табыстың міңәйі себебі де, шынайы өлшем де саңқылдаған статистика емес, нар шөгерлік тәуекелге бел буған санада жасырынып жатыр.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖАҢА АЙДАР: ӨЗГЕРІС

2026 жылы не өзгереді?

2026 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстанда бірнеше маңызды заңдық, салықтық, әлеуметтік және әкімшілік өзгерістер қолданысқа енді. Бұл өзгерістер азаматтардың күнделікті өміріне, бизнес пен экономикаға айтарлықтай әсер етпек.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа Салық кодексі күшіне енді

Еліміздің салық салу жүйесін түбегейлі реформалауды көздейтін жаңа Салық кодексі қолданысқа еніп, отандық кәсіпкерлер бизнес жүргізудің жаңа ережелеріне көшеді. Салық салу жүйесі жеңілдейді, салық есептілігі 30 пайызға қысқарады, салықтардың саны 20 пайызға азаяды, жеңілдіктер мен алымдар оңтайландырылады.

Салық кодексіндегі басты жаңалықтың бірі – қосылған құн салығының қазіргі 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтерілді. Бұған қоса, қосылған құн салығы бойынша міндетті тіркелу шегі 10 мың АЕК-ке, яғни, 40 миллион теңгеге дейін төмендетілді. Яғни, жылдық айналымы 40 млн теңгеге жеткен кәсіпкерлер міндетті түрде ҚҚС төлеуші ретінде тіркелуі керек.

2026 жылдан бастап дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге қосылған құн салығы 5% болады, ал, 2027 жылдан 10%-ға дейін өседі. Ал, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен МӘМС аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ, кітап басып шығару, археологиялық жұмыстар ҚҚС-тан босатылады. Мерзімді баспа басылымдары үшін қосылған құн салығы 10 пайыз болып бекітіліп отыр.

Сондай-ақ, зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан босатылады.

Бұған қоса, көлік салығының мөлшерлемесі төмендейді. Он жылдан асқан көліктерге салық 30%-ға, ал, 20 жылдан асқан көліктерге 50 пайызға қысқарады.

Компаниялар мен ұйымдар төлейтін корпоративтік табыс салығы 20% деңгейінде қалады,



Cyber Freepik

бірақ, енді барлық сала бірдей ставкамен төлемейді. Банктер мен ойын бизнесі үшін корпоративтік табыс салығы – 25%, әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылы – 5%, 2027 жылы – 10% болады. Ал, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3% жеңілдетілген мөлшерлеме сақталады.

Кімдер жалақысынан көбірек салық төлейді?

Қазақстанда жеке табыс салығы прогрессивті болады. Яғни, табысы көп адамдар көбірек салық төлейді. Егер азаматтың жылдық табысы 8 500 АЕК-тен асса (қазір бұл 33 млн теңгеден астам), оның табысына 15% салық салынады. Сол сияқты дивиденттері мен табыс көлемі жылына 230 мың АЕК-тен асатын кәсіпкерлер осындай мөлшерде салық төлейді.

Байларға арналған салық

Жаңа жылдан бастап Қазақстанда сән-салтанат салығы енгізіледі. Яғни, өте қымбат тауарлар мен мүлікке қосымша салық салынады.

Құны 75 млн теңгеден асатын қымбат көлікке, 100 млн теңгеден асатын кеме мен ұшаққа, литрі 500 мың теңгеден қымбат алкогольге, данасы 10 мың теңгеден асатын темекіге 10% акциз түрінде салық

салынады. Жалпы құны 450 млн теңгеден асатын жылжымайтын мүлік бар азаматтардың салығы да жоғары болады. Байлық салығы кәсіпкерлерге емес, жеке тұлғаларға салынады.

Зейнетақы 10%-ға өседі

Биыл әлеуметтік төлемдерді есептеуге арналған негізгі көрсеткіштер көтеріледі. Мәселен, зейнетақының ең төмен мөлшері көтерілгенде одан аз зейнетақы төлеуге болмайды. Бұдан бөлек, халыққа әлеуметтік көмек бергенде ең төменгі күнкөріс деңгейі ескеріледі.

Зейнетақының ең төмен мөлшері – 69 049 теңге (2025 жылы – 62 771 теңге);

Ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – 35 596 теңге (2025 жылы – 32 360 теңге);

Айлық есептік көрсеткіш – 4 325 теңге (2025 жылы – 3 932 теңге);

Ең төменгі күнкөріс деңгейі – 50 851 теңге (2025 жылы – 46 228 теңге);

Ең төменгі жалақы – 85 000 теңге (2025 жылы тура сондай).

Осы жылы ең төменгі жалақының көлемі өзгермейді. Үкімет оны алдағы үш жылда қарастырады. Ал, айлық есептік көрсеткіш өскеннен кейін айыппұлдардың көлемі артады. Дәл осы көрсеткішпен жәрдемақылар да есептеледі.

Зейнетақы жинақтарын пайдалану шегі өсті

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2026 жылға арналған ең төменгі жеткіліктілік шегін жариялады.

Жеткіліктілік шегі дегеніміз – адамның зейнетақы шотында міндетті түрде қалуы тиіс ең аз сома. Яғни, азаматтар осы мөлшерден артық жиналған ақшаны ғана ұй алу немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға, емделуге және инвестициялық басқарушы компанияларға аудару үшін пайдалана алады.

Жеткіліктілік шегінің мөлшері жасқа байланысты есептеледі. Жас ұлғайған сайын, шотта қалуы тиіс сома да көбейеді.

Естеріңізге сала кетейік, алаяқтық схемаларының жиілеуіне байланысты зейнетақы қорындағы артық ақшаны тіс емдеуге, көз еміне және пластикалық ота жасатуға жұмсауға тыйым салынған болатын.

Биылдан бастап зейнетақының ең төменгі мөлшері мен ең төменгі күнкөріс деңгейі өскеннен кейін зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі де орта есеппен 10 пайызға көтеріліп отыр.

Осылайша былтыр 30 жастағы адамның біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану шегі 4 580 000 теңге болса, биыл бұл көрсеткіш 5 120 000 теңге болады.

• ЖАҢА АЙДАР: ҰРПАҚ ҚАМЫ

«Қазақстан балалары» бағдарламасы іске қосылады

2026 жылдан елімізде балаларды қолдау мен дамытуға бағытталған ұлттық «Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы іске қосылады. Бұл құжат – баланың өмірге келуінен бастап көмекке толғанға дейінгі барлық кезеңін қамтитын кешенді стратегия. Бағдарлама әлеуметтік қолдау, білім, денсаулық, қауіпсіздік және даму бағыттарын бір арнаға тоғыстырады.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Балалардың демалысы мен қосымша білім беру саласында да жаңа талаптар енгізілуде. 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап балалар лагерлерінің қызметі лицензиялауға жатады. Бұл норма Мемлекет басшысы 2025 жылғы 26 желтоқсанда қол қойған заңда көзделген. Лицензиялау талаптары балалардың демалысы, оқуы және сауықтыруына арналған бірыңғай стандарттарды енгізуге мүмкіндік береді. Лицензия мерзімі бір жылдан бес жылға дейін ұзартылып, әкімшілік жүктеме азайтылады.

Сондай-ақ, биыл 1 ақпандан бастап балаларға арналған ұйымдарды мемлекеттік бақылаудың жаңа тәртібі күшіне енеді. Енді уәкілетті орган қызмет басталар алдында және қызмет тексеру жүргізе алады. Бұл заңбұзушылықтарды дер кезінде анықтауға және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Биыл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау саласында да қатаң талаптар енгізілді. Қазіргі таңда елімізде 20 мыңнан астам осындай бала бар, олардың 82 пайызы отбасылық тәрбие жағдайында өсіп келеді. 4 ақпандан бастап күшіне енетін жаңа заңға сәйкес, соттылығы бар немесе психикалық, наркологиялық есепте тұрған тұлға-

лар бала тәрбиелеу құқығынан дереу айырылады. Қабылданып жатқан бұл шаралар Қазақстанда бала құқығын қорғау саясатының жаңа, жүйелі кезеңге өткенін көрсетеді. Бұл орайда мектеп пен отбасы арасында ынтымақтастық орнатуға, позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілгенін де естен шығармаған жөн.

Мемлекеттің балаға тек әлеуметтік топ емес, елдің ертеңі, ұлттың болашағы ретінде ерекше көңіл аударып, инвестиция құя бастауы – қауіпсіз әрі гуманист қоғам құруға негізделген. Қазақстанда балалардың жан-жақты дамуы және болашағының жарқын болуы үшін құқықтық базаның нығайғаны – «баланың ертеңгі күнге сеніммен қарауы үшін өте маңызды».

Қазақстанда балалар саны халықтың 34 пайызын құрайды. Бұл – елдің демографиялық әлеуеті тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді. Мемлекет осы серпінді ескере отырып, бала құқықтарын қорғау мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған саясатты жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Халықаралық ұйымдар, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНИСЕФ Қазақстанның бұл саладағы қаламдарын оң бағалауда. «Елдегі әрбір баланың бақытты және қауіпсіз балалық шағы болуы тиіс» екенін Президент ерекше атап өтті.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖАҢА АЙДАР: БАҒДАР

Білім – негізгі басымдық

Жыл басында әр сала өз жоспарын айқындап, нақты міндеттерін белгілейді. Бұл үрдіс білім саласын да айналып өткен жоқ. 2026 жылы жаңа жобалар атқарылып, тың өзгерістер жүзеге аспақ. Мәселен, Мемлекет басшысының бала құқықтарын қорғауды күшейтетін жаңа заңға қол қоюы – саладағы маңызды өзгерістердің бірі. Аталған заң балалар арасындағы зорлық-зомбылықтың және оларға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Сонымен қатар, балалардың демалысы, оқуы және сауықтыруы қауіпсіз әрі сапалы болуын қамтитын жаңа заң нормалары да бекітілді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл мен қала мектептеріндегі оқушыларға заманауи білім беруді көздейтін «Келешек мектептері» жобасы аясында былтыр бес бірдей жаңа мектеп өз жұмысын бастады. Оның бірі – Талды ауылында апатты мектептің орнына салынған 200 орындық жаңа мектеп. Жоба биыл да жаңа мектептердің ашылуымен жалғасын таппақ. Мәселен, жуық арада Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы ауылында тағы бір 300 орындық білім ордасы ашылады деп күтілуде. Сонымен бірге жылы Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданында салынып жатқан қалған төрт мектеп те кезең-кезеңімен пайдалануға берілетін болады. Бұл жоба ең алдымен қала мен ауыл балалары арасындағы білім теңсіздігін жоюдағы алғашқы қадам болып отыр.

Жаңа құрылыспен бірге ескі мектептерді жөндеу биыл да жалғасын таппақ. Мемлекет басшысының тапсырмасымен үш жылда ел бойынша 1300 мектепті бірыңғай заманауи форматқа көшіруді мақсат ететін реновация бағдарламасы қарқынды жүргізілуде. Мектептерді реновациялау ескі ғимараттарды жанар-түмен бірге балалар үшін заманауи білімнің ортақ кеңістігін қалыптастыруды мақсат етеді. Білім басқармасының мәліметінше, алдағы үш жылда бағдарлама аясында облыста 68 мектепті қамту жоспарда бар.

Өңірде 18 850 бала ерекше білім беруді қажет етеді. Ерекше балаларға лайықты жағдай жасау жыл сайын жалғаса бермек. Өңірде 10 арнайы мектеп-интернат, 3 ар-

найы балабақша, 6 ПМПК, 10 КППК, 2 оңалту орталығы және аутизмі бар балаларды қолдау орталығы қызмет көрсетуде. Мұның қатары артпақ. Бұқар жырау ауданында КППК ашу жоспарланған. Ал, биыл 2026 жылы №4 мектеп-интернатты интеллектуалдық дамуында бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық №11 арнайы мектеп деп қайта атау жоспарда бар. 2026-2027 оқу жылында Теміртауда Аутизм орталығы ашылады.

Техникалық және кәсіптік білім беруде еңбек нарығының сұранысына сай жаңа мамандықтар ашу көзделген. Биыл аймақ колледждерінде маркшейдерлік іс, химиялық тазалау және бояу, графикалық және мультимедиялық дизайнды қоса алғанда, болашақ құзыреттерін қалыптастыратын 5 жаңа мамандық ашу жоспарлануда.

2026 жылы қосымша білім беруде жаңа өзгерістер орын алмақ. Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және білім беру-сауықтыру қызметтері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Балаларға арналған қосымша білім беру мен лагерьлер жұмысындағы бұл өзгерістер жеткіншектердің демалысы, оқуы және сауықтыруы қауіпсіз әрі сапалы болуы үшін енгізілді. Бұдан былай 2026 жылдан бастап қосымша білім беру ұйымдары екіге бөлінеді. Біріншісі – лицензиямен жұмыс істейтін ұйымдар (білім беру-сауықтыру қызметін көрсететіндер), екіншісі – хабарлама арқылы жұмыс істейтін ұйымдар



(жеңілдетілген тәртіп). Бұл жүйе бақылауды жеңілдетіп, қызмет сапасын арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ, балалар лагерьлері 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап лицензия алуға міндетті. Бұл лагерьлерге ортақ қауіпсіздік және сапа талаптарын енгізу үшін қажет. Лицензия мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейін ұзартылады. Бұл ұйымдарға құжаттарды жыл сайын сақтауына мүмкіндік береді және жұмыстың тұрақты болуын қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, заң балалар үшін қауіпсіз, сапалы демалыс пен білім алуға жағдай жасауға бағытталған. Қазіргі уақытта осы өзгерістерді іске асыру үшін қосымша ережелер әзірленіп жатыр.

Мемлекет үшін әр бала маңызды. Оның тағдырына мемлекет бейжай қарамақ емес. Өйткені, әрбір баланың қауіпсіз балалығы – ұлттың ертеңгі болашағы. Осы мақсат жолында Мемлекет басшысы бала құқықтарын қорғау саласын жаңа деңгейге көтеретін «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл құжат – тек құқықтық норма емес, ол балалық шақты қорғауға арналған өміршең бастама.

Жаңа заң көмекке толмағандар арасындағы және оларға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алуы күшейтеді. Ерте ескерту, жедел әрекет ету, дер кезінде

көмек көрсету – заңның басты қағидаттары. Осы мақсатта елімізде зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға арналған арнайы көмек көрсету кабинеттері ашылды. Мұнда балаларға «бір терезе» қағидаты бойынша кешенді қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, алғашқы психологиялық көмек беріледі, сот-медициналық сараптама жүргізіледі, бейінді мамандардың қатысуымен сауалнама алынады. Ең бастысы, мұның барлығы балаға қолайлы ортада жүзеге асады. Мұндай жаңашылдықтың өзегі – бала жанын жараалап алмауды, жан дүниесін қорғауды көздейді.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында «баса назар аударуды қажет ететін көмекке толмағандарды педагогикалық сүйемелдеу» институты енгізіледі. Бұл – тағдыр талкегіне ұшырау қаупі бар балаларды ерте анықтап, оларға уақытында қол ұшын созуға негізделеді. Мұндай қолдау құқық бұзушылықтың алдын алып қана қоймай, баланың өмірге деген сенімін нығайтады.

Заң аясында өңірлік Балалардың құқықтарын қорғау басқармалары құрылмақ. Бұл құрылымдар бала құқықтарын қорғаудың бірыңғай жүйесін құрып, алдын алу жұмыстарын үйлестіруге, жедел қорғау және «тәуекел тобындағы» балаларға жан-жақты көмек көрсетуге жауапты болады. Сондай-ақ, бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін лауазымды тұлғалардың дербес жауапкершілігі күшейтіледі.

Түйіндей айтқанда, білім саласындағы жаңа басымдықтар баланың қауіпсіздігі мен құқығын қорғауды, сапалы білімге қол жеткізуді және педагог мәртебесін нығайтуды басты мұрат етіп отыр. Заңнамалық өзгерістер білім беру жүйесін заманауи талапқа сай бейімдеп, әр баланың әлеуетін ашуға бағытталған. Әрине, мұның бәрі саналы қоғам әрекеті.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҒАЛЫМ НҰРЖАН БОКАЕВ – 70 ЖАСТА

Қазақ математикасының нартұлғасы

Қазақстан математика ғылымында өзінің терең білімімен, табанды еңбегімен және халықаралық деңгейдегі беделімен ерекшеленетін математик-ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, Еуразия ұлттық университетінің профессоры Нұржан Әділханұлы Бокаев мерейлі 70 жасқа толып отыр. Функциялар теориясы, функционалдық талдау және функционалдық кеңістіктердегі операторлар теориясы саласындағы іргелі зерттеулері оны отандық ғылымның көрнекті өкілдерінің біріне айналдырды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

1956 жылы дүниеге келген Нұржан Әділханұлының ғылымға деген ынтасы мектеп қабырғасынан басталды. Дәлірек айтсақ, 1972 жылы Қостанай облысы, Қарабалық ауданының Бөрлі орта мектебін алтын медальмен тәмамдады. Мектепке математикадан сабақ берген Асылбек Өтешев, Сейітқали Хамзин және Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Мырзағали Қарсақбаев сынды ұлағатты ұстаздарына деген құрметтен болар, алғыр жас математика ғылымын таңдады.

Сол жылы елімізде екінші болып ашылған Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультетіне түсіп, 1977 жылы оны үздік бітірді. Білім жолындағы биік көрсеткіштері оны университет ұстаздары Е.Смаилов, Т.Мустафин, А.Игілікөв, Т.Сматов, Н.Әлмұханбетов сынды білікті оқытушылардың назарынан тыс қалдырмады. Жас маман жоғары оқу орнының математика факультетінде оқытушылық қызметін бастады.1978-1979 жылдар Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын абыроймен өтеді.


Ғалымның кәсіби қалыптасуында М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіндегі тағылымдама мен аспирантура рөлі ерекше. 1980-1984 жылдары ол ММУ-дың Функциялар теориясы және функционалдық талдау кафедрасында білім алып, 1985 жылы Жалпыланған Уолш және Хаар жүйелері бойынша Фурье коэффициенттері және бірегейлік теоремалары атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ғалым аталған жүйелер бойынша Фурье коэффициенттерінің әртүрлі қасиеттерін зерттеп, функцияларды бейнелейтін қатарлардың жалғыз болуының шарттарын қарастырды. Бұл тақырып бойынша ол ғылыми же-

текшілері ССРО Академиясының корреспондент-мүшесі Д.Меньшовтың және ММУ-дың профессоры В.Скворцовтың күрделі әрі өзекті еңбектерін лайықты жалғастырды. Кейінірек 40 жасында, 1996 жылы Қазақстанның Теориялық және қолданбалы математика институтында аталған тақырыпты жалғастырып, докторлық диссертациясын сәтті қорғап, отандық математика ғылымына жаңа серпін беретін ізденістерін тереңдетте түсті.

1984-2005 жылдары Нұржан Бокаев Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде елеулі еңбек етіп, кафедра меңгерушісі, кейін факультет деканы лауазымдарын атқарады. Сол кезде математика мамандығы бойынша диссертациялық кеңес ашылып, көптеген жас мамандар диссертациялық жұмыстарын қорғап шықты, бірнеше жаңа мамандықтар ашылды. Осы кезеңде ұйымдастырылған математика бойынша Қарағанды университеті жаршысы журналы қазіргі уақытта әлемдегі жоғары рейтингті журналдардың тізімінде.

2005 жылдан бері Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде профессор болып қызмет етуде. Көп жылдар бойы ол жоғары математика және іргелі математика кафедраларын басқарды. Қазіргі уақытта – докторанттарға жетекшілік ететін тәжірибелі ғалым. Оның жетекшілігімен 15 ғылыми жұмыс, соның ішінде, кандидаттық диссертациялар қорғалды, ал, соңғы жылдары үш докторант ғылыми атақ алып шықты.

– Ғылым мен білім – өмір бойы дамитын жол. Мен үшін әр жаңа зерттеу – теориялық нәтижемен қатар, қоғамға, жас ұрпаққа пайда әкелетін зор мүмкіндік. Шәкірттерінің табысы – менің ең үлкен қуанышым, ал, олардың ойлау қабілетін арттырып, ынталандырып, білімін тереңдете түсу – басты



бағдарым. Математика формула мен есеп ғана емес, ол шығармашылық, логика мен эстетиканы біріктіретін өнер. Сол үшін мен үнемі жас ғалымдарға шабыт беріп, олардың ізденісіне қолдау көрсетемін. Өмірімнің әр күні – ғылым мен білімнің қызметінде, күзетінде, – деп толғанды Нұржан Әділханұлы.

Ғалымның зерттеулері функционалдық кеңістіктердегі күрделі интегралдық операторлардың қасиеттеріне, жалпыланған Рис және Бессель потенциалдарына, монотонды конустар теориясына арналған. Бұл бағыттар – қазіргі математикалық талдауда ерекше маңызға ие. Соңғы жылдары Бокаевтың еңбектері қайта орналасу-инварианттық кеңістіктер теориясына және Рис потенциалының коммутаторларына жаңа нәтижелер қосты. Оның Уолш және Хаар жүйелері жөніндегі зерттеулері де цифрлық сигналдарды өңдеу мен толықдық талдау саласында қолданылу мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Сондай-ақ, 220-дан астам ғылыми еңбектің, оқулықтардың және монографияның авторы ретінде Нұржан Әділханұлы халықаралық ғылыми қауымдастықта кеңінен танымал. Соңғы бес жылда оның 30-дан астам мақаласы жарияланып, олардың он шақтысы Web of Science пен Scopus базасындағы беделді журналдарда жарық көрді.

1998 жылдан бастап, әр жылдары ол республикалық гранттық жобалардың ғылыми жетекшісі болды. Ал, қазір 2025-2027 жылдарға арналған жаңа ғылыми жобасына жетекшілік етуде. 1994-1996 жылдары сұңғыла ғалымның халықаралық INTAS жобасына қатысқанын да атап айту қажет.

Ғалымның халықаралық байланыстары да аса кең. Әлемнің жетекші университеттеріндегі белгілі математиктермен бірлескен еңбектері, Падуа, Йена, Кардифф, Стамбул, Мәскеу, Сеул, Эрланген секілді орталықтарда жасаған баяндамалары оның ғылыми беделін айғақтайды. Ол дүниежүзілік математиктер конгрестерінде, ISAAC және Түркі әлемі математиктерінің конгрестерінде Қазақстан ғылымын танытып келеді.

Нұржан Бокаевтың жас ғалымдарға ерекше қамқорлық танытуы – оның биік азаматтық болмысының бір қыры. Оның жетекшілігіндегі ғылыми семинарлар – функционалдық талдау мектебінің дамуына үлкен үлес қосатын орта. Шәкірттері бүгінгі күні еліміздің түрлі университеттерінде, ғылыми институттарында табысты еңбек етуде. Сегіз қырлы, бір сырлы сырбаз ғалымнан жас буын мол тәлім алып, жетіліп, өсіп келеді.

Атап айтсақ, шәкірттері Матин Дәурен, Гүлден Қаршығина, Гүлмира Кеңжебековалар – бүгінде өз

саласында танымал ғалымдарға айналып, өз жолдарын тауып, үлкен жетістіктерге жетуде. Нұржан Әділханұлының тәжірибесі мен ақылы кейінгі ұрпаққа үлгі болып, ғылымдағы іргелі істерін жалғастыруға септігін тигізіп келе жатқаны көз қуантады.

Ол – терең ойлы ғалым бола отырып, тумысынан ақынжанды, сезімтал жан. Оның жазған өлеңдерін оқыған сайын өмірді түсінуі мен адамгершілік даналығы айқын көрінеді.

«Айнымас асыл аға, тіл қатпадың, Сеземін жүрегінде сыр жатқанын. Сабырлы даналықпен өлшегендей, Терең ой бұл өмірдің ырғақтарын.

Өмірдің шындығынан түңілмеген, Тағдырдың тәлкегінен бүгілмеген. Қажымас қайратыңнан қуат алам

Саналы жасқа келіп бүгінде мен!» деп, өмір хақында философиялық ой түйеді. Ойы – жинақы, сөзі – шымыр, тілі – суретті, образды тіл. Көп оқитынын да аңғару қиын емес.

Домбыра шертіп, әуелете ән салғанда, қарапайым отырыстың өзі бірден мерекеге, думанға айна-

лады. Бос уақытында үстел теннисінен жаттығып, шахматты шебер ойнайды. «Балуанға оны мен солы бірдей» демекші, бұл оның жан-жақты дарынды тұлға, көрнекті ғалым екенін көрсетеді.

ҚарМУ және ЕҰУ-да осы екі спорт түрінен спартакиадада математика факультетінің оқытушылар командасы жүлделі 1-2 орындарды жеңіп алып жүр.

Соңғы 2025 жылдың қорытындысы бойынша үш бірдей шәкірті, ЕҰУ оқытушылары әрі PhD докторлары – Дәурен Матин, Талғат Ахажанов және Жайдары Мырзақұлова «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын жеңіп алды.

2014-2023 жылдары ғалым Түркітілдес елдердің математикалық қоғамының вице-президенті болып, түркі әлемі математиктерінің ынтымдастығына елеулі үлес қосты. 2017 жылы Еуразия ұлттық университетінде ұйымдастырылған түрік әлемі математиктері қауымдастығының VI Конгресінің ұйымдастыру комитетінің төрағасы болды. Аталған Конгресте 500 адам қатысқаны, оның ішінде, жүздей шетел ғалымының болғаны Нұржан Әділханұлының ғылымдағы әлеуетін аңғартса керек.

Көпжылдық еңбегі елеусіз қалған жоқ. Үш дүркін «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанған Нұржан Әділханұлының еңбегі ғылыми ғана емес, педагогикалық шеберлік тұрғысынан да жоғары бағаланған. Одан бөлек, ол министрліктің Құрмет грамоталарымен, «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Бүгінде Нұржан Әділханұлы – математикалық ғылым мен білім беруді дамытуға жан-жақты еңбек сіңіріп келе жатқан, Қазақстан ғылымының өркендеуіне қажырлы үлес қосып жүрген соқталы тұлға. Оның өмір жолы – жас буынға үлгі-өнеге, ғылымға адалдықтың айқын көрінісі.

Ендеше, жетпіс жасқа желіп жетіп, сексенге қарай желкенін керген сұңғыла ғалым Нұржан Әділханұлына мықты денсаулық, отбасына амандық һәм мол шығармашылық табыс тілейміз!

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ӘЛЕУЕТ

Ауылға жаңа жыл не береді?

Биыл ауыл шаруашылығы жаңа деңгейге көтеріледі деген үміт зор. Агроөнеркәсіптік кешен тұрақты өсім көрсетіп, өңірлік деңгейде айтарлықтай нәтижелер бере бастады. Бұл үрдіс әсіресе Қарағанды аймағында айқын байқалады. Өндіріс көлемінің артуы, инвестициялық жобалардың іске қосылуы және өңірде ғылыми-қолданбалы бастамалардың көбеюі ауыл шаруашылығын бұрынғыдан да бәсекеге қабілетті салаға айналдырып отыр.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2026 жылы ауыл шаруашылығын қолдауға бөлінген мемлекеттік қаржы көлемінің едәуір ұлғаюы салаға тың серпін бермек. Қарағанды облысына 38,3 млрд теңге көлемінде субсидия қарастырылса, ел бойынша бұл көрсеткіш 453 млрд теңгеге жетіп отыр. Бұдан бөлек, көктемгі егіс пен орақ науқанына дайындық үшін 140 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несие бөлінді.

Мамандардың пікірінше, субсидиялау жүйесінің басты артықшылығы – фермерлерді жана техника, сапалы тұқым және заманауи технологияларды пайдалануға ынталандыруы. Бұл өнімнің өзіндік құнын төмендетіп қана қоймай, оның сапасын арттыруға, соның ішінде, экспорттық әлеуетті күшейтуге мүмкіндік береді.

Бүгінде Қарағанды облысында ауыл шаруашылығы саласында 30-дан астам инновациялық жоба жүзеге асырылуда. Олардың қатарында агротехнологиялық хабтар, жаңа үлгідегі элеваторлар,



цифрлық мониторинг және жерді қақыстан бақылау жүйелері бар. Мұндай жобалар еңбек өнімділігін арттырып қана қоймай, шығынды азайтып, тәуекелді төмендетуге сеп болады.

Сала мамандарының бағала-

уынша, сандық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін қолдану өнімділікті 15-18 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл фермерлердің табысын көбейтіп, ауылдағы кәсіпкерліктің тартымдылығын арттырады.

Сонымен бірге, жастарды ауыл шаруашылығына тартуға да оң ықпал етеді.

Жалпы алғанда, 2026 жыл Қарағанды облысы мен Қазақстан ауыл шаруашылығы үшін сапалы жаңғыру кезеңі болмақ. Өндіріс көлемінің артуы, мемлекеттік қолдаудың күшеюі, инновациялық технологиялардың енгізілуі және нақты деректерге негізделген саясат агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуына жол ашуда.

Бүгінде ауыл шаруашылығы тек шикізат өндірумен шектелмей, жаңа технологиялар, өңделген өнім және экспортқа бағытталған жобалардың қозғаушы күшіне айналып келеді. Бұл үрдісте Қарағанды өңірінің үлесі артып, елдік агросектордың дамуына сүбелі үлес қоса беретіні анық.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

DIGITAL
KAZAKHSTAN

Биометрия – алаяққа тосқауыл

Елімізде интернет алаяқтыққа қарсы күрес күшейіп келеді. Енді SIM-картаны сатып алу мен пайдалануға беру тәртібі түбегейлі өзгереді. Бұдан былай міндетті биометриялық сәйкестендіру енгізіліп, бір адамға рәсімделетін нөмірлер саны шектеледі. Мамандар бұл шаралардың анонимді қоңырауларды азайтып, азаматтарды қаржылық алаяқтықтан қорғауға мүмкіндік беретінін айтады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы жылдары елімізде ұялы телефон арқылы жасалатын алаяқтық деректері жиілеп, «қауіпсіздік қызметінің қызметкері», «банк маманы» ретінде хабарласатын белгісіз қоңыраулар қоғам үшін өзекті мәселеге айналды. Осыған байланысты, мемлекет мобильді байланыс саласын толықтай реттеп, «сұр» SIM-карта нарығын жоюға бағытталған кешенді шараларды іске қосты.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мәліметінше, жаңашылдықтың басты тетігі – міндетті биометриялық сәйкестендіру. Бұдан былай SIM-карта тек абоненттің жеке басы бет-әлпетін сканерлеу арқылы расталғаннан кейін ғана белсендіріледі. Яғни, өткелдерде немесе делдалдар арқылы анонимді нөмір сатып алу мүмкін болмайды. Бұл талап қарапайым азаматтарға да, компаниялар қызметкерлеріне берілетін қызметтік нөмірлерге де бірдей қолданылады.

Сонымен қатар, бір адамға тіркелетін SIM-карталар санына қатаң шектеу қойылады. Енді әр азамат жеке және отбасылық

қажеттіліктері үшін өз атына ең көбі он нөмір ғана рәсімдей алады. Ал, бұдан артық SIM-карта қажет болған жағдайда, оның нақты қандай мақсатта және қай құрылғыларда қолданылатыны ресми түрде негізделуі тиіс. Бұл шешім жүздеген нөмірді бір мезетте пайдаланып, жаппай қоңырау шалатын SIM-бокстардың жұмысын тоқтатуға бағытталған. Тағы бір маңызды жаңалық – байланыс операторлары мен Ұлттық банктің Антифрод-орталығы арасындағы өзара іс-қимылдың күшеюі. Жаңа жүйе нақты уақыт режимінде жұмыс істейді. Күмәнді әрекет анықтала салысымен, ақпарат тиісті органдарға жіберіліп, алаяқтыққа қатысу бар нөмір дереу бұғатталады. Бұл азаматтардың қаржылық шығынға ұшырау қаупін айтарлықтай төмендетпек.

Мамандардың айтуынша, аталған шаралар мобильді байланыс нарығын барынша ашық әрі бақылауға болатын жүйеге айналдырады. Ең бастысы, қарапайым азаматтардың жеке деректері мен қаржылық қауіпсіздігі күшейеді. Осылайша, мемлекет цифрлық кеңістікте сенімді қорған қалыптастырып, телефон алаяқтарына қарсы нақты тосқауыл қоюды көздеп отыр.

• ТАҒЫМ

Ұстазға құрмет

Балқаш қаласындағы Ә.Мусин атындағы гуманитарлы-техникалық колледжде елге еңбегі сіңген ұстаз, білікті басшы, көрнекті тұлға Қанапия Бишкеновтің туғанына 84 жыл толуына орай тағылымды әрі мәні терең рухани іс-шара өтті. Осы айтулы дата аясында колледж қабырғасында Қанапия Байқасымұлының атында арнайы кабинет салтанатты түрде ашылды.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бірегей тұлғалардың бірі – Қанапия Байқасымұлының есімі тек Балқаш өңірінде ғана емес, облыс, республика көлемінде де зор құрметпен аталады. Жоғары әрудициясы, терең білімі, адамдармен тіл табыса білетін парасаты, шығармашылыққа жақын болмысы әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінен орын алды. Бұл туралы шара барысында ұстаздар ерекше тебіреніспен жеткізді. Қанапия Байқасымұлының өмір жолы мен қызметін арқау еткен бейнеролик ұсынылды. Көрсетілім барысында оның саналы ғұмыры, ұжыммен өткізген жарқын сәттері, шәкірт тәрбиелеудегі ұстанымы көпшілік назарына ұсынылды.

Осы бір әсерлі сәтте Қанапия ағамыздың өмірлік серігі, аяулы жары Күләш апамыз жүрекжарды лебізін білдірді. Ана мейіріміне, жар сабырына толы сөздер жиналған жұртты ерекше толқитты. Шара барысында әуезді әндер шырқалып, кештің рухани мәнін арттыра түсті.



Жиында Балқаш қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Шолпан Нұрмаханқызы сөз алып, Қанапия Байқасымұлының адамгершілік болмысына, ұстаздық ұлылығына тоқталды.

– Ол талай жастың тағдырына бағыт-бағдар беріп, рухани тірек бола білді. Мұндай тұлғаларды ұмытпау – кейінгі буынның парызы, – деді ол.

Сонымен қатар, колледж директоры Ержан Мәлікұлы да сөз сөйлеп, өзі тәлім-тәрбие алған ұстазының есімін ұлықтау – үлкен жауапкершілік екенін атап өтті. Сонымен қатар, алдағы уақытта Қанапия Байқасымұлы атында арнайы шәкіртақы тағайындау және мемориалдық тақта орнату жоспарланып отырғанын жеткізді.

– Қанапия Байқасымұлы менің ұстазым еді. Ол – талантты басшы,

іскер ұйымдастырушы, Ә.Мусин атындағы колледжді ұзақ жылдар бойы басқарып, оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, өндіріс орындарымен тығыз байланыс орнатуына өлшеусіз үлес қосқан Қазақстан Республикасы орта кәсіптік білім берудің құрметті қызметкері. Біз осындай тұлғаларымызбен мақтанамыз. Жаңа ашылған кабинет – тек бір тұлғаның есімін ұлықтау ғана емес, өткенге тағзым, келешекке аманат. Ол білім мен руханияттың алтын ұясына айналып, жас мамандарға бағыт-бағдар беретін тағылымды орталық болмақ. Қанапия ағаның есімі енді талай жасқа шабыт сыйлап, адал еңбекке, биік адамгершілікке жетелей берері сөзсіз, – деді Ержан Мәлікұлы.

Салтанатты рәсім барысында арнайы ашылған кабинет

көпшілікке таныстырылды. Кабинетте өндіріс саласына бағытталған жастарға қажетті заманауи құрал-жабдықтар қойылған. Сондай-ақ, екі арнайы бұрыш жасакталған: бірінде Қанапия Байқасымұлының алған медальдары мен жеткен жетістіктері қойылса, екінші бұрышта әр жылдары алған марапат қағаздары мен Алғыс хаттары жинақталған.

Ігі шараға Қанапия Байқасымұлының достары, құрдастары және қызы, күйеу баласы мен немерелері де қатысып, әулет атынан ризашылықтарын білдірді. Ұстаздың өнегелі өмірі мен жарқын бейнесі ұрпағы арқылы жалғасып келе жатқаны көпшілікті қуантты.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Жаңа нысан пайдалануға берілді

Приозерск қаласында жаңа спорт нысаны пайдалануға берілді. Қала тұрғындары үшін маңызды оқиғаға айналған Приозерск қаласы спорт клубының салтанатты ашылу рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оған облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәниев, қала басшысы, спортшылар қатысты.



Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы құттықтау сөз Приозерск қаласының әкімі Мансур Ахметовке берілді. Қала басшысы жаңа спорт клубының ашылуы жастардың спортпен кәсіби деңгейде айналысуына мүмкіндік беретін маңызды кадам екенін атап өтті. Сонымен қатар, спорт клубының директоры Айдар Сәдуақасовқа нысанның символикалық кілті салтанатты түрде табысталды. Сондай-ақ, халықаралық арена-ларда ел намысын қорғап жүрген спортшылар марапатталды. Абу-Даби қаласында өткен джиу-джитсудан әлем чемпионы, Мәскеуде өткен турнирдің екінші дүркін чемпионы, Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері, AIGA грэпплинг турнирлерінің бірнеше дүркін жеңімпазы Руслан Рустамовқа жоғары спорттық жетістіктері үшін 100 мың



теңгелік қаржылай сертификат тапсырылды. Дүниежүзілік Гимназида ойындарының күміс жүлдегері, Азия чемпионаты-

сының спорт шебері» атағының иегері Нұрсұлтан Қыстаубай 100 мың теңгелік қаржылай сертификатпен марапатталып, Қарағанды облысы спорт басқармасының басшысы Серік Сәниевтің қолтаңбасы қойылған былғары қолғап табысталды.

Спорт клубының ашылуына орай ұйымдастырылған қалалық волейбол турнирінде ІІІ орынды 44841 әскери бөлімінің «Тұлпар» командасы (50 мың теңге), ІІ орынды «№1 мектеп» командасы (70 мың теңге), ал, І орынды Приозерск қаласы өрт сөндіру бөлімінің «Жалын» командасы (100 мың теңге) иеленді. Қалалық футбол турнирінде ІІІ орынға Приозерск қаласының заңгер-спорт комитеті орталық спорт клубы командасы (50 мың теңге), ІІ орынға осы мекеменің «Жастар» командасы (70 мың теңге) ие болды. Турнир жеңімпазы атанған Приозерск қаласы полиция бөлімінің «Динамо» командасы 100 мың теңгелік қаржылай сертификатпен, арнайы кубок және медальмен марапатталды. Жеке номинациялар бойынша «Үздік ойыншы» аталымы «Динамо» командасының ойыншысы Айтбек Нұрмағанбетке берілді. «Үздік шабуылдаушы» – Руслан Қаланбай, «Үздік қорғаушы» – Бағдат Нұрмұрат, «Үздік қақпашы» – Еркебұлан Алдиярұлы атанды. Сонымен қатар, бокс спортын дамытуға қосқан үлесі үшін Приозерск қаласының бокс үйірмесі 100 мың теңгелік қаржылай сертификатпен марапатталды. Ұлттық спортты дамытуға қосқан үлесі үшін Приозерск қаласының қазақ күресі үйірмесіне 200 мың теңгелік қаржылай сертификат табысталды.

Айта кетейік, жаңа нысан бұқаралық спортты дамытуға, жастарды саламатты өмір салтына баулуға бағытталған. Қазіргі таңда Приозерск қаласында 5 мыңға жуық тұрғын тұрақты түрде спортпен шұғылданады. Волейбол, футбол, бокс, дзюдо, қазақ күресі, самбо, үстел теннисі сынды спорт түрлері қарқынды дамып, жас спортшылар облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүр.

ПРИОЗЕРСК


Суреттер автордан



Еске алу

Руслан ХАМИТҰЛЫ. Ұлытау облысы, Жәйрем кентінің тумасы. Ердің ері, жігіттің сұлтаны еді. Өзіңмен өткізген күндерден естелік болсын! Бақұл бол, жаны жайсаң құрдас!

Жиырма бес жыл өте шықты қас-қағым, Көз алдымда балалық күн жас шағын. Небір қызық бала күнгі сәтіннен, Еске аламыз балалықтың аспанын.



Сабыр берсін анаңызға Бір Алла! Қабыл болсын берген дәммен құранда. Қатар құрбың келіп қалды қол жайып, Шапағатпен иман нұрын бұр, Алла!

Жәннатында Фирдаустың тұрақта, Жәй оғындай өте шыққан сыратта. Оң жағыңнан амал дәптер беріліп, Қабыл болсын дұғамыз да жырақта.

Еске алушылар: Жәйрем кенті №30 мектебінің сыныптастары.

№534

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жаңғырған желінің жылуы

Қарқаралы ауданында қоғамдық-көпшілік ғимараттар мен тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту бағытында маңызды жұмыстар атқарылуда – «Вашкеевич» компаниясының жаңа үлгідегі, бір мәрте толтырылған отымен ұзақ жанатын заманауи қазандықтары жеткізіліп, орнатылуда.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған қазандықтар Қарқаралы қаласындағы №4 жылыту орталығына және Нұркен ауылына қойылып, кезең-кезеңімен іске қосылуда. Жаңа қазандықтардың басты артықшылығы – қоршаған ортаға тигізетін залалының, яғни, шығаратын түтін көлемінің аздығы. Бұл жаңа қазандықтардың экологиялық тұрғыдан тиімді екенін көрсетеді. Қуаттылығы 2,5 МВт болатын қазандықтар орнатылған аумаққа тұрақты әрі сапалы жылу береді. Қарқаралы қаласына бұл қазандықтарды орнатудағы негізгі мақсат – қала аумағындағы ұсақ қазандықтар санын қысқартып, олардың орнына қуатты, түтіні аз, заманауи жүйелерді енгізу. Нәтижесінде қала ішіндегі түтін көлемі азайып, экологиялық ахуал жақсарыды деп күтілуде.

Нұркен ауылындағы жаңа қазандық іске қосылғаннан кей-

ін мұндағы бірқатар әлеуметтік нысандар орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылады. Атап айтқанда, Мәдениет үйі, Дене шынықтыру және сауықтыру кешені, ауыл әкімдігі мен фельдшерлік-амбулаториялық пункт жаңа қазандықтан жылу алады. Бұл өз кезегінде отын шығынын азайтып, ғимараттарды жылыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусин қазандықтарды орнату және іске қосу жұмыстарымен арнайы танысып шықты. Ол жауапты сала жетекшілері мен мердігер ұйымға аталған міндеттерді сапалы әрі уақытылы орындауды тапсырды. Жаңа қазандықтардың толық іске қосылуы аудан тұрғындарына қолайлы жағдай жасап, әлеуметтік нысандардың үздіксіз жұмыс істеуіне оң әсерін тигізбек.

Сурет Қарқаралы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінен



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru



Жаңалық әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесі еңбек ардагері, облыстың бұрынғы бас санитарлық дәрігерінің орынбасары
Әния ИБРАЕВАНЫҚ
қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

Сайыпқырандар ордасы

Тәуелсіздік жылдары Қарағандының тек келбеті ғана емес, оның рухы да жаңа серпінге ие болды. Бұрын өндіріс қазанында қайнап, темір мен тасқа толы шаһар енді спорттық өмірдің де орталығына айналды. Ескі нысандар жаңарып, жаңа кешендер бой көтерді. Ал, сол алаңдарда тер төккен кешегі күннің жастары бүгінде өңірдің спорттық, мәдени және рухани бейнесін айқындаушы жаңа буынға айналды. Әрине, бұл өзгерістер бір сәтте келген жоқ.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміз тәуелсіздік туын тіккен күннен бастап, өңірімізде спорт жаңа тыныс алды. Қарағандының қак төрінде орналасқан Н.Әбдіров атындағы спорт сарайы мен «Шахтер» стадионы сол жаңғырудың айқын айғағы. Бұған қоса, Жастар спорт кешені, Қ.Нұржанов атындағы жеңіл атлетикалық манеж, Beeline Arena теннис орталығы сынды заманауи нысандар бой көтеріп, қаланың спорттық келбетін түбегейлі өзгертті. Бұл үрдіс тек орталықпен шектелмей, қала аудандарына дейін жетіп, жаңа спорт кешендері бой көтерді. Жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулудың берік іргетасы қаланды. Бүгінде сол кешендерден түлеп ұшқан талай спорт саңлағы әлемдік ареналарда топ жарып, көк байрағымызды биікке көтеріп жүр. Сол өзгерістердің айқын көрінісі ретінде өңірде бой көтерген екі ірі спорттық нысанды ерекше атап өтуге болады. Оның бірі жастар мен көрермендерді мұз айдынында тоғыстырған «Қарағанды-Арена» болса, екіншісі болашақ чемпиондардың қанатын қатайтқан облыстық Олимпиадалық резерв мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі.

«Қарағанды-Арена» — елдің байрағын биікте желбіретер чемпиондардың екінші үйіндей. Бұл мұз сарайы ашылған күннен бастап, Қарағандының спорттық картасын түбегейлі өзгертті. Қаланың күнделікті тынысына жаңа ырғақ, жаңа мазмұн қосылғандай. Бұрын шеберлігін шыңдау жолында сыртта жүрген спортшылар өз жерінде, өз көрерменінің алдында өнер көрсету мүмкіндігіне ие болды. Ал, бұл дегеніңіз тек спортшылар үшін ғана емес, тұтас өңір үшін рухани серпіліс болатын.

Осы кешеннің салынуы Қарағанды хоккейінің даму жолындағы бетбұрыс кезеңге айналды. «Сарыарқа» хоккей клубының ел чемпионы атанып, халықаралық ареналарда өнер көрсете бастады. Жүйелі жұмыстың, нақты саясаттың және заманауи инфрақұрылымның нәтижесінде толайым табыстарға да қол жеткізді. Бүгінде бұл арена кәсіби спорттың ғана емес, болашақ



чемпиондардың да үлкен мектебі. Жанкүйерлердің қуанышы мен толғанысы тоғысқан, жеңіс пен жеңілістің, үміт пен сенімнің мекеніне айналды. Ал, мұз айдынындағы әр ойын қала тарихының қатпар-қатпар қойнауына еніп, күні бүгінге дейін жаңғырып тұр.

Еліміз егемендік алғаннан кейін ұлт болашағын саламатты өмір салтымен, тәртіп пен спорт мәдениетін қалыптастыруда ұзақмерзімді саясат қолға алынды. Соның нәтижесінде балалар мен жасөспірімдерді кәсіби спортқа баулуға арналған бірқатар стратегиялық нысандар бой көтеріп, өңір спорты жаңа сапалық деңгейге бет бұрды. Сол нысандардың ішінде маңызы мен миссиясы айрықша облыстық Олимпиадалық резерв мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі. Содан бері бұл нысан болашақ чемпиондардың алғашқы қадамына жол ашқан іргелі қарашаңыраққа айналды.

Мектептің тарихы тереңде жатыр. Алғаш 1971 жылы спорттық бағыттағы интернат ретінде құрылған. Уақыт өте келе, колледж деңгейіндегі кешенді оқу-спорт орталығына ұласты. Ал, тәуелсіздік жылдары оның тынысы кеңейіп, мазмұны байи түскен болатын. Мектеп-интернатына қазақтың қайсар қызы, елдік рухтың символы Әлия Молдағұлова-

ның есімінің берілуі де осы рухани сабақтастықтың айқын көрінісі еді. Дарынды балаларды ерте жастан анықтап, оларды кәсіби спортқа бағыттау — дәл осы спорт мектебінің басты миссиясы. Республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарға лайық спортшыларды тәрбиелеп, Олимпиадалық резервті толықтыру бүгінде мектеп жұмысының өзегіне айналған. Бұл қарашаңырақтың шәкірттері үшін спорт тек жарыс алаңы емес, мінезді шыңдайтын, ерік-жігерді бекемдейтін өмір мектебіне айналған.

Қарағандыда спорт нысандарының көбеюі ұлт саулығына бағытталған ұзақмерзімді инвестиция. Жас ұрпақтың бос уақытын мазмұнды арнаға бұрып, арманын нақты мақсатқа, талпынысын табанды еңбекке айналдыруға жол ашқан маңызды мүмкіндік. Мұндай нысандар арқылы Қарағанды өзінің өндірістік қала ретіндегі бейнесін кеңейтіп, спорт пен руханияттың, тәрбие мен табандылықтың ордасы екенін айқын дәлелдеп отыр. Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан осы спорттық кеңістік өңірдің бүгінгі жетістігі ғана емес, ертеңгі жеңістерінің берік іргетасы.

Суреттер дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ТӨР

Тұлпар жылының дүбірі

Атқа мініп, ел тізгінін ұстап жүрген алдыңғы толқынның алдындағы міндет — келешекте жалғыз Отанның қадір-қасиетін ұғып, қызметіне жарайтын, қасіреті болса, көтеретін, аманатты арқалай алатын толқынды тәрбиелеу. Осы бір қасиетті борыш туралы газетімізге талай жазғанбыз, жаза да бермекпіз. Жылан жылы ұлы ойшыл, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығымен айшықталды. Бұл мерейтой жас ұрпаққа отаншылдықты дәріптеуде, саналарына ізгілік пен парасаттың, ақыл мен ойдың дәнін егуде шешуші рөл атқарды деп ауыз толтырып айта аламыз. Өйткені, бодандықтың бұғауындағы қасіретті жұртты азаттықтың ақ таңына жетелеген XX ғасырдың бірінші ширегіндегі тегеуірінді буын осы Абайдың алауынан шоқ алған еді. Енді, жылқы жылы Алаш көсемі, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, публицист Әлихан Бөкейханның 160 жылдығымен ерекшеленбек. «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген ұлағатты сөзі бүгінде ұранға айналған заңғар тұлғаның күреске толы өнегелі ғұмыры мен соңында қалдырған мол мұрасы ел келешегінің иелері жастарға ауадай қажет. Сондай-ақ, 1936 жылы 3 тамызда Қарағанды облысы құрылған. Биыл облыстың құрылғанына 90 жыл.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, биыл қоғам қайраткері, заңгер, құқық магистрі Жақып Ақбаевтың туғанына 150, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш математигі, алмағайып заманда Атажұртың шекарасын сызған Әлімхан Ермековтің туғанына 135 жыл. Өн өнерінің алыбы, Қазақстанның Халық әртісі, әнші, қазақ композиторы Манарбек Ержановтың 125 жылдығы. Осыдан 115 жыл бұрын дауылпаз ақын Қасым Аманжолов дүниеге келді.

Қазақтың тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіровтің 80 жас мерейтойы және ғарышқа ұшқанына 35 жыл толып отыр.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Хабиба Қарақбайқызы Елебекованың туғанына 110, әнші Гүлбаршын Ақпанованың туғанына 85, жазушы, профессор Теңізбай Рахымжановтың туғанына 80, жазушы, қаламгер Сапарғали Ләмбекұлының туғанына 90, журналист, жазушы, Шет ауданының Құрметті азаматы Рымқұл Сүлейменовтың туғанына 90, техника ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет-

тік сыйлықтың екі мәрте лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Дімкеш Мұқановтың туғанына 90, ғалым, биология ғылымының докторы Кәрім Мыңбаевтың туғанына 120, көрнекті геолог-ғалым Ақжан Жаксыбекұлы Машановтың туғанына 120, жазушы, ғалым-әдебиеттанушы, аудармашы Сейділ Талжановтың туғанына 120, Ақын Кәрім Сауғабаевтың туғанына 85, әнші, актриса Қайныкен Әлімбаеваның туғанына 100 жыл толып отыр.

Абай және Шахтинск қалаларының құрылғанына 65, Қарағандыбасы жайлауында көмірдің өндіріле бастағанына 170 жыл, Қарағанды орталық паркінің ашылғанына 80 жыл. Осыдан 95 жыл бұрын Қарағандыда алғашқы радиохабар таратылды.

Биыл жазушы Софы Сматов 85 жасқа, өлкетанушы, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Тұңғышбай Мұқан 80 жасқа, жазушы, Серік Сағынтай 50 жасқа толады.

• ТАНЫМ

Уақыт пен тағдыр белестері

Қазақ халқы үшін Жылқы жылы — тек мүшел есебі ғана емес, ел тағдырымен, тарихи өзгерістермен сабақтас ұғым. Тарих беттеріне көз жүгіртсек, Жылқы жылы адамзат пен қазақ жұрты үшін айрықша оқиғаларға толы болғанын аңғарамыз. Бұл жылдарда соғыстар аяқталып, жаңа мемлекеттер қалыптасып, қоғамдық сана мен өркениет бағыт-бағдарын өзгертті.

1918 жыл

Бұл жыл адамзат тарихындағы ең қасіретті соғыстардың бірі — Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен есте қалды. Миллиондаған адамның өмірін жалмаған соғыс әлем картасын түбегейлі өзгертті. Ал, қазақ даласында ұлт тағдыры үшін күрескен Алаш Орда қозғалысы өзінің ең белсенді кезеңіне қадам басты. Ұлттық мемлекеттілік идеясы көтеріліп, азаттыққа деген ұмтылыс айқын сезілді. Дәл осы тұста Орта Азияда Кеңес өкіметі түпкілікті орнай бастады.

1930 жыл

Бұл Жылқы жылы қазақ халқы үшін ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Қазақстанда ұжымдастыру саясаты күшейіп, дәстүрлі мал шаруашылығы күйреді. Соның салдарынан алапат ашаршылық басталып, халық саны күрт азайды. Ал, әлемдік деңгейде Махатма

Ганди Үндістанда Тұз жорығын бастап, отаршылдыққа қарсы бейбіт күрестің символына айналды.

1942 жыл

Екінші дүниежүзілік соғыстың шешуші кезеңі дәл осы Жылқы жылына сәйкес келді. Сталинград шайқасы басталып, соғыстың тағдырын айқындаған бетбұрыс жасалды. Қазақстаннан жүздеген мың әр-азамат майданға аттанып, тылда қалған жұрт жеңіс үшін аянбай еңбек етті.

1954 жыл

Бұл жыл Қазақстан тарихында Тың және тыңайған жерлерді игеру науқанымен ерекшеленеді. Кең даланы игеру елдің экономикасына серпін бергенімен, демографиялық және экологиялық салдары да айқын сезілді. Қазақстан

1966 жыл

Алматыда болған жойқын жер сілкінісі қала тарихындағы сын сағаты болды. Табиғат апаты көптеген ғимараттарды қиратып, алайда, сонымен бірге, қаланың жаңа келбетін қалыптастыруға



көпұлтты өңірге айналып, ауыл шаруашылығының бағыты түбегейлі өзгерді.

жол ашты. Алматы заманауи сәулетпен қайта салынып, қауіпсіз құрылыс талаптары күшейтілді.

1978 жыл

Бұл Жылқы жылы әлемдік экономика үшін жаңа дәуірдің басталуымен есте қалды. Қытайда Дэн Сяопиннің реформалары қолға алынып, ел нарықтық экономикаға бет бұрды. Бұл өзгерістер

жаһандық экономикалық жаңғырудың алғышартына айналды.

1990 жыл

Қазақстан үшін тарихи маңызы зор жыл. Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылданып, ел тәуелсіздікке қарай нық қадам жасады. Кеңес Одағы ыдырау кезеңіне кіріп, әлемдік саяси жүйе түбегейлі өзгере бастады.

2002 жыл

Қазақстанда экономикалық тұрақтану байқалып, даму бағыты айқындалды. Ал, Еуропада еуро валютасы ресми айналымға еніп, халықаралық қаржы жүйесінде жаңа кезең басталды.

2014 жыл

Бұл Жылқы жылы Қазақстанда инфрақұрылымды дамытуға бағытталған «Нұрлы жол» бағдарламасының жариялануымен ерекшеленді. Ал, әлемдік саясатта Украинадағы дағдарыс пен Қырым мәселесі халықаралық қатынастарға үлкен өзгеріс әкелді.

Қорыта айтқанда, Жылқы жылы тарихта әрдайым қозғалысқа, күреске және түбегейлі өзгерістерге толы болды. Бұл жылдар ел тағдырын айқындап, болашаққа бағыт сілтеді. Жылқы — еркіндіктің, серпіннің символы десек, сол символ тарих беттерінде өз мәнін толықтай ақтап келеді.

Дайындаған
Нұрлос КӘРІМ

Суретті түсірген
Қ.ЖҮНІС

Оқырман назарына! Газеттің келесі саны 10 қаңтар, сенбі күні шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс өкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҮСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты редакторы С.Б. ЛИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Таралымы 3 969 №1 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор ЕРЖАНТ КЕНЕСБЕКҰЛЫ
--	---	---	---